

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**

Инновациялық Еуразия Университеті

Магистратура

«Журналистика және қазақ филология» кафедрасы

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ

6N0205 « Қазақ филологиясы »

Аффрикаттық қызметтегі дыбыстар

Орындаушысы: _____ Сабиров Д.С.

(күні, қолы)

Ғылыми жетекшісі: _____ Сағындықұлы Бекен,
(күні, қолы) филология ғылымының
докторы, профессор

Қорғауға жіберілді

Журналистика және қазақ
филология кафедрасының
меңгерушісі, филология
ғылымының кандидаты,
профессор _____ Резуанова Ғ.Қ.

(күні, қолы)

Павлодар – 2006

АННОТАЦИЯ

Берілген жұмыста аффрикаттардың қазақ әдеби тілінде және говорларда қолданылу мәселесі қарастырылады. Дауыссыз дыбыстар жүйесінің тарихи ерекшелігі айқындалады. Қазақ тіліне басқа тілдерден аффрикаттардың ену себептері келтіріледі. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі түркі тектес халықтардың және орыс тілдерінің дауыссыз дыбыс жүйесімен салыстырылады. Аффрикаттардың буын жігіне ықпалы, тасымалға қатысы, сөздіктерде орналасуы, аффрикаттардың тілдегі қызметі туралы айтылады.

В данной работе рассматривается вопрос употребления аффрикатов в литературном казахском языке и в разговорной речи. Определяется историческая особенность фонемного состава. Приводятся примеры заимствования аффрикатов в казахском языке из других языков. Фонемный состав казахского языка сравнивается с фонемным составом тюркоязычных народов и русского языка. Рассказывается о влиянии аффрикатов на слоговое деление и перенос слов, а также о их расположении в словарях, о функции аффрикатов в языке.

The usage of affricates in literary kazakh language and colloquial speech is examined in this work. The historical peculiarity of the phonemic structure is determined in the work. Interesting examples of borrowing affricates in kazakh

language from other languages are given here. The phonemic structure of kazakh language is compared to the phonemic structure of Turkic language nations and Russian language. The author tells about the influence of affricates on syllable – division and word transforming and its position in the dictionaries and functions in the language.

МАЗМҰНДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Көкейкестілігі: Қазақ тілінің дыбыс жүйесіне жаңа теориялық теорема енгізеді, дыбыстардың қос қызметтілігін ашады;

Мақсаты: Қазақ тілі дауыссыз дыбыстарының қосар қызметін анықтау;

Негізгі міндеттер: Дыбыс түрлерінің сандық қызметін анықтау, дауыссыз дыбыс жүйесінің тарихи ерекшелігін айқындау;

Теориялық маңыздылығы: Дауыссыз дыбыстар жүйесіндегі тіркесім, олардың сөз шені, морфема жігінде орналасу тәртібін тиянақтау;

Жаңашылдығы: Дыбыс тіркесімдеріне тән теорияны қалыптастырады;

Тәжірибелік маңыздылығы: Дыбыстардың айтылым рөлін арттыру, буынға жіктеудегі ерекшелік, тасымалға қатысы;

Алғашқы мәліметтер: Қазақ тілінің емле, айтылым сөздігіндегі сөздердің орналасуы;

Зерттеулердің әдістемесі: Жинақтау, сұрыптау, талдау, сұрақ-жауап, түсіндіру;

Нәтижелер: Тілдік дыбыстардың сандық құрамы мен тіркесім қабілеті алынады;

Басылымдар: Рефераттық, бақылау және курстық жұмыс, сондай-ақ ғылыми мақалалар мен магистрлік диссертация.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ БӨЛІМ	5
НЕГІЗГІ БӨЛІМ	8 – 49
1. Тілдік дыбыстардың теориялық негіздері	8 - 14
1.1 Дыбыстарға тән ғылыми ізденістер	8
1.2 Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың құрамы мен айтылым ерекшелігі	11
1.3 Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың құрамы мен айтылым ерекшелігі	13
2. Тілдегі дыбыстардың қосар қызметі	15 - 49
2.1 Тілдегі дифтонгтік және дифтонгoidтың қызметі	15
2.2 Тілдегі аффрикат қызметтегі дыбыстар	17
2.2.1 Орыс тіліндегі аффрикат қызметтегі дыбыстар	17
2.2.2 Түркі тілдеріндегі аффрикат қызметтегі дыбыстар	22
2.2.3 Қазақ тіліндегі аффрикат қызметтегі дыбыстар	24
ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІМ	50

КІРІСПЕ БӨЛІМ

Зерттеу жұмысының көкейкестілігі: Қазақ тілінің дыбыс жүйесіне жаңа теориялық теорема енгізу, дыбыстардың қос қызметтілігін ашу.

Ең алдымен кіріспе ретінде дыбыстарға тән ғылыми ізденістерді қарастырамын. Қазақ тілінің дыбыстық құрамына байланысты, алғашқы зерттеулер, жіктеулер жөнінде ғалымдардың пікірлерін салыстырамын. Зерттеу жұмысында аффрикаттық қызметтегі дыбыстардың қосар қызметін анықтаймын, осыған байланысты жиналған материал мен мысалдарға сүйене отырып, қазақ тіліндегі дыбыстардың жіктелісі мен сандық құрамына жаңа теориялық теорема енгізуге тырысамын.

Жұмыстың мақсаты: Қазақ тілі дауыссыз дыбыстарының қосар қызметін анықтау.

Қазақ тіліндегі қосар дыбыстардың қызметін анықтау мақсатымен, дифтонг немесе дифтонгойд дыбыстардың қос қызметтілігін қарастырамын. Дифтонг дыбыстардың жіктелісін, ғалымдардың дифтонгтар төңірегіндегі пікірлерін келтіремін. Қай кезде *и* мен *у* дауысты дыбыстар, қай кезде қосынды дыбыстардың таңбасы екенін қарастырамын.

Орыс тіліндегі **ц** аффрикатының *т* мен *с*, *д* мен *з* дыбыстарының қосындысынан тұратынын, **ч** аффрикатының *т* мен *ш*, *д* мен *ж* дыбыстарының

қосындысынан тұратынын қарастырамын. Қазақ тіліндегі **ж** аффрикатының *ә* мен *ж*-ның, **ц** аффрикатының *т* мен *с*, **ч** аффрикатының *т* мен *ш* дыбыстарының қосындысынан тұратынын қарастырамын, осыған байланысты мысалдар да келтіріледі.

Негізгі міндеттер: Дыбыс түрлерінің сандық қызметін анықтау, дауыссыз дыбыс жүйесінің тарихи ерекшелігін айқындау.

Қазақ тілінің дыбыс жүйесін тарихи тұрғыдан ғалымдар қалай жіктегендігін, түрколог ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, бұрын ата-бабаларымыз сөйлеулерінде қандай аффрикаттық дыбыстарды қолданғанын қарастырамын. Сонымен бірге диалектолог ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, қай аймақта қандай аффрикаттық дыбыстар қолданылатынын қарастырамын. Қазіргі қазақ тіліндегі дыбыстардың жіктелісін қарастырамын да, бұрынғы кездегі дыбыстық құраммен салыстырамын.

Теориялық маңыздылығы: Дауыссыз дыбыстар жүйесіндегі тіркесім, олардың сөз шені, морфема жігінде орналасу тәртібін тиянақтау.

Ж, ц, ч аффрикаттарының сөз басында, сөз ортасында қосар қызметі. Қай кезде аффрикаттық қызметтегі дыбыстардың өзінің қосар қызметінен айырылатынын қарастырамын.

Жаңашылдығы: Дыбыс тіркесімдеріне тән теорияны қалыптастыру.

Аффрикаттық дыбыстардың ызың мен шұғыл дауыссыз дыбыстарының қасиетін бірдей жинақтағанын, аффрикаттық дыбыстардың айтылым ерекшелігін қарастырамын.

Тәжірибелік маңыздылығы: Дыбыстардың айтылым рөлін арттыру, буынға жіктеудегі ерекшелік, тасымалға қатысы.

Кірме сөздер арқылы қазақ тіліне енген аффрикаттардың буын құрамының, буын құрамындағы дыбыс санын өзгеруіне септігін тигізгенін, қазақ тілінде осыған байланысты бес, алты буындардың пайда болуын, сонымен бірге екі-үш дауыссыздан басталып, үш дауыссызға аяқталуының етене құбылысқа айналуын қарастырамын.

Алғашқы мәліметтер: Қазақ тілінің емле, айтылым сөздігіндегі сөздердің орналасуы.

Қазақ тілінің диалектология, аймақтық, орфографиялық, орфоэпиялық, түсіндірме сөздіктердегі аффрикаттық дыбыстардан басталатын сөздердің орналасуын, олардың санын, қай беттерде орналасқанын қарастырамын. Сонымен бірге сөздіктерден сөздің ортасында аффрикаттық қызметтегі дыбыстары бар сөздерді де қарастырамын.

Зерттеулердің әдістемесі: Жинақтау, сұрыптау, талдау, сұрақ-жауап, түсіндіру.

Жұмыста сонымен бірге орыс ғалымдарының пікірлерін келтіремін, орыс тілінде қандай аффрикаттық қызметтегі дыбыстар бар екенін қарастырамын да, қазақ тілімен салыстырамыз. Берілген ғалымдардың пікірлерін талдаймыз. Аффрикаттық қызметтегі дыбыстардың әр түрлі *диссимиляция*, *диэреза*, *редукция* сияты фонетикалық процестерге араласуын қарастырамын. Сөздіктердегі аффрикаттардан басталатын сөздерді теру және оны талдау, мысал келтіру, дәлелдеу, яғни ғылыми жұмысты жазу барысында әр түрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланамын.

Нәтижелер: Тілдік дыбыстардың сандық құрамы мен тіркесім қабілеті алынады.

Аффрикаттық қызметтегі дыбыстардың сөз басында немесе сөз ортасында орналасуына қарай бірде қосар қызметін атқаруы, бірде аффрикаттық қызметінің жойылуына байланысты қазақ тіліндегі дыбыстық санын өзгеру мүмкіндігі қарастырылады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

1. Тілдік дыбыстардың теориялық негіздері:

1.1 Дыбыстарға тән ғылыми ізденістер:

XX ғасырдың 30 жылдарына дейін қазақ әдеби тілін жазуда араб алфавиті қолданылды. Бірақ қазақ тіліне өмірдегі өзгерістерге байланысты кірме сөздер және советизмдер көп ене бастады, сондықтан қазақ тіліндегі таңбалауы жоқ әріптердің саны көбейді. Сол себептерден 30 жылдардың басында қазақ тілінің таңбалауы латын графикасына көшті, ал 40 жылдарда кириллицаны қабылдады.

Ғалым Сарыбаев Ш. пікірінше, 20 – 30 жылдарда қазақ әдеби тілінің дамуына алғашқыда араб алфавиті, одан кейін латын алфавиті белгілі бір дәрежеде кедергі жасады:

“ 1930-шы, әсіресе, 1920-шы жылдарда жазу тұрақтылығы, орфографиялық ережелер көңілдегідей емес еді. Араб алфавиті қаншама реформаланса да, қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктеріне үйлесімсіз, қонымсыз болды. Араб алфавитінің бір таңбасы қазақ тілінің бірнеше дыбыстарын таңбалауға арналғандықтан көптеген сөздердің оқылуын қиындатты. 1929 жылы қазақ

халқы араб алфавитінен әлдеқайда оралымды латын алфавитін қабылдады. Бұл алфавит жазылуды оңайлатып, орфографиялық жетілуіне көп септігін тигізді. Бірақ бұл алфавит те ғылым мен мәдениетіміздің өркендеп дамуына ілесе алмады. Мұнда *ч, ю, ц, ш, э* таңбалары болмағандықтан, орыс тілі арқылы енген интернационалдық терминдер мен советизмдердің дұрыс жазылуын қамтамасыз ете алмадық, адам аттарын дұрыс жаза алмайтын болдық. Сондықтан 1940 жылы қазақ жазуының орыс графикасына көшірілуі - әдеби тіліміздің бұдан әрі қарай дамуына көп әсер етті. Әсіресе орыс тілінен енген сөздердің бірде олай, бірде былай айтылуына себепші болған латын алфавитінің кемшілігінен арылып, лексика саласында жалпыға бірдей сөйлеу нормасын қалыптастыру, бір ізге келтіру мәселесін шындап қолға алуға мүмкіндік берді. Осы кезден бастап орыс тілінен енген сөздердің жазылуы бір қалыпқа түсіп, олардың айтылуы, дыбысталу нормасы да тұрақтала бастады ” [1, 17;].

Ғалымның пікірінше, қазақ тілі алфавитінің кирилицаға көшуі қазақ тілі таңбалауындағы көптеген мәселелерді шешті.

Тіліміздің дыбыс жүйесі туралы алғаш пікір айтушылар еңбектеріне көз салсақ, Н. И. Ильминский қазақ тілінде 19 дауыссыз дыбыс бар десе, В.В. Радлов *л* дыбысының жуанды-жіңішкелі түрде айтылатын вариантын дербес дыбысқа есептеп, дауыссыздар санын 20-ға жеткізеді.

П. М. Мелиоранский де осы пікірді қайталайды. Ол жергілікті ерекшеліктерге байланысты *ш* орнына *ч, дж* аффрикатын жалпы қазаққа тән дыбыс деп, қазақ тілінде 21 дыбыс бар екенін айтқан.

Қ. Жұбанов жалпы қазаққа тән дыбыс пен оның жергілікті ерекшеліктерге байланысты қолданылуы туралы жалаң атап өтумен шектелмей, диалектілік ең-таңбалардың қазақ тілінің қай-қай салаларынан көрініс беретінін басын ашып таныған, саралап және дәл көрсеткен.

Қазақ тілінің грамматикалық құрылымын және фонетикалық жүйесін зерттеуде айрықша үлес қосқан аса көрнекті түркологтардың бірі

П.М. Мелиоранский (3) қазақ тіліндегі дыбыстардың құрамына тоқтала келіп, вокализм жүйесі 9 дауыстыдан (а, а, е, о, о, у, і, и, й), ал консонантизм саласы 21 дауыссыздан (б, п, м, т, д, н, ж, з, ш, с, р, л, к, г, ч, 1, қ, ғ, ң, й, дж) тұрады деп жазған. Бұл дауыссыздар орыс тіліндегідей айтылады.

П.М. Мелиоранскийдің пікірінше, ч тек қана қырғыз тілінде кездеседі.

Қазақ фонетикасының негізгі мәселелерін арнайы сөз еткен аса көрнекті шығыстанушысы В.В. Радлов қазақ тілінің дыбыс құрамын талдай отырып, оның 9 дауысты (а, а, е, о, о, у, і, и, й) және 20 дауыссыз екенін көрсетеді:

“ Қатаң – қ, к, т, п, с, ш – q, k, t, p, s, s;

Ұяң – ғ, г, д, б, з, ж – y, q, d, b, z, z;

Үнді – н, ң, м, р, л, л – п, т, ң, г, 1, 1;

Аралық – д(w) – w, j ” [2, 8].

С.Е . Малов “Язык желтых уйгуров” атты еңбегінде а, ә, б, в, ғ, г, д, е, дж, ж, з, і, й, қ, к, л, ль, м, н, ң, о, ө, п, р, р, с, т, у, ұ, ф, х, ц, ч, ш, ы, э әріптерін көрсетеді. Сонда С.Е.Маловтың пікірінше, дауыстылардың саны 10, ал дауыссыздардың саны 25 болады.

1.2 Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың құрамы мен айтылым ерекшелігі:

Томанов М. “Қазақ тілінің тарихи грамматикасында” дауысты дыбыстардың құрамы мен жіктелуін былай көрсетеді:

“ 1. Ашық дауыстылар: *а, е*;

Қысаң дауыстылар: *ы, і, у, ү*;

Жартылай ашық дауыстылар: *о, у*.

2. Жасалу орнына қарай:

Жуан дауыстылар: *а, у, о, ы*;

Жіңішке дауыстылар: *е, ө, ү, і*.

3.Ерін қатысына қарай:

Езу дауыстылары: *а, е, ы, і*;

Ерін дауыстылары: *о, ө, у, ү* сияқты топтарға жіктелген ” [4, 35].

Кеңесбаев І. 11 дауысты, 25 дауыссыз, барлығы 36 дыбыс бар екендігін көрсетеді. С. Мырзабеков “Қазақ тілінің фонетикасы” атты еңбегінде *а, ә, е, ё, и, о, ө, у, ү, ұ, ы, і, э, ю, я* дыбыстарын көрсетеді, *ё, э, ю, я* орыс тілінен енген дыбыстар дейді ғалым.

Әбуханов Ғ. пікірінше, қазіргі қазақ тілінің дыбыс жүйесінде қолданылатын дауысты дыбыстар саны – 12, олар *а, ә, о, ө, е, ы, і, ұ, ү, у, э, и*.

Ж. Аралбаев : “ Қазақ тілінде 10 монофтонг; *а, ә, о, ө, е, ы, і, ұ, ү, э* қалғаны дифтонг дауыстылар: *и, у* ” [6, 12].

Сонда ғалымның пікірінше, қазақ тілінде қазақ тілінде 10 дауысты дыбыс, 2 дифтонгды дыбыс бар.

Термин түрінде дауыстылар жүйесін *вокализм* деп атайды.

Қазіргі қазақ тілінде дауысты дыбыстар былай жіктелініп жүр:

1. Тілдің күрек тіске қарай алға жылжуынан *жіңішке дауыстылар* жасалады, кейде жіңішке дауыстыларды *тіл алды дауыстылар* деп те атайды. Тілдің жұмсақ таңдайға қарай артқа жылжуынан *жуан дауысты дыбыс* жасалады, кейде жуан дауыстылар *тіл арты дауыстылары* деп те аталады.

Жасалу орнына қарай: Жуан: *а, о, ы, ұ, (у,и);*

Жіңішке: *ә, е, і, ө, ү, (у,и).*

2. Иектің жоғары, төмен түсуіне байланысты *ашық, қысаң* болып бөлінеді.

Жасалу жолына қарай: Ашық: *а, ә, ө, е, о;*

Қысаң: *ы, і, ү, ұ, (у, и).*

3. Еріннің дөңгеленуі, сүйірленуі, дыбысты айтатын кезде ерінге күш түсу арқылы *еріндік, езулік* дыбыстар жасалады.

Ерін мен езудің қатысына қарай: Еріндік: о, ө, ү, ұ, у;

Езулік: а, ә, е, ы, і, и.

1.3 Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың құрамы мен айтылым ерекшелігі:

Томанов М. “Қазақ тілінің тарихи грамматикасында” дауыссыз дыбыстардың құрамы мен жіктелуін былай көрсетеді:

“Көне түркі тілінде 16 дауыссыз фонема болған. Олар мыналар: б, п, д, т, к - қ, г - ғ, й, ч, с, ш, з, м, н, ң, л, р, қ - к, ғ - г дыбыстары дербес фонемалық қызмет атқармаған, қ жуан дауыстылармен айтылса, к жіңішке дауыстылармен айтылған, сол сияқты ғ жуан

дауыстылармен айтылатын *к* дыбысының ұяң варианты ретінде ғана қолданылған. Қысқасы, 4 дыбыс екі дауыссыз фонеманың көрінісі болған ” [4, 35].

Термин түрінде дауыссыз дыбыстар жүйесін *КОНСОНАНТИЗМ* деп атайды.

I. Кеңесбаевше, қазақ тілінде дауыссыз дыбыстар саны 25. Олар: *б, г, д, ж, з, й, к, л, м, н, п, р, с, т, (у), ш, қ, ғ, ң, һ, в, ф, х, ц, ч*.

Ғалымның пікірінше, мұндағы *у* фонемасы әрі дауысты, әрі дауыссыз фонема. Мұның ішінде *в, ф, х, ц, ч* дыбыстары орыс тілінен енген.

Қазіргі қазақ тілінде дауыссыз дыбыстардың жіктелісі мынадай:

1. Дауыссыз дыбыстардың дауыс қатысына қарай жүйеленуі: *үнсіз және үнді дауыссыздар*. Үнсіз дауыссыздарға: *қатаң және ұяң дауыссыздары жатады*.

Қатаң: *п, ф, с, ш, к, қ, т, һ, ч, ц, х, щ*;

Ұяң: *б, в, з, ж, ғ, г, д*.

Үнді дауыссыздарға: *ауыз жолды және мұрын жолды дауыссыздары жатады*.

Ауыз жолды: *р, л, й, у*;

Мұрын жолды: *м, н, ң*.

2. Дауыссыз дыбыстардың жасалу тәсіліне немесе айтылуына қарай жіктелуі: *шұғыл, ызың, діріл дауыссыздар*.

Ж. Аралбаевтың пікірінше, шұғыл дауыссыздары *үнді шұғыл* және *үнсіз шұғыл дауыссыздары* болып бөлінеді.

Үнді шұғыл дауыссыздары: *м, н, ң*;

Үнсіз шұғыл дауыссыздары: *б, п, д, т, ғ, к, қ*.

Ызың дауыссызы: *в, ф, с, з, ғ, ж, ш, х*. Ызың дауыссыздарды *фрикатив дауыссыздар* деп атайды. Тілде шұғыл және ызың дауыссыздардың қасиетін бірдей жинақтаған дауыссыз дыбыстар бар. Оларды *аффрикат дауыссыздар* деп атайды. Қазақ тілінде 3 аффрикат бар. Олар: *ж, ц, ч*.

Діріл дауыссызы: *р*.

3. Дауыссыз дыбыстардың жасалу орнына қарай жүйеленуі:

Ерін дауыссызы: п, б, м, у;

Тіс пен ерін дауыссызы: ф, в;

Тіс дауыссызы: т, д, с, з, ц, щ;

Тіл ұшы дауыссызы: н, л, ч;

Тіл алды дауыссызы: р, ш, ж, й;

Тіл ортасы: к, г;

Тіл арты: қ, ғ, ң, х, т;

Көмей дауыссызы: һ.

2Тілдегі қосар дыбыстардың қызметі:

2.1 Тілдегі дифтонгтік және дифтонгoidтың қызметі:

Дифтонгтар - дауыстылардың айрықша бір түрі. Дифтонг деген термин екі дауысты деген мағынаны білдіреді. Оның артикуляциясы да күрделі болады. Әрбір дифтонг дауысты дыбыстың элементінен басталып, дауыстының элементімен аяқталады да, екі дауыстының тіркесінен құралады.

К. Аханов дифтонгтар жайлы мынадай пікір жазады:

“Дифтонгтың табиғаты, әдетте, буынмен байланысты болады. Қатар келген дауысты дыбыстардың да әрқайсысы өз алдына дербес буын құрай алады (*те-о-ре-ма, зо-о-ло-ги-я*). Екі дауыстыдан дифтонгтың жасалуы үшін олардың бір буынның ішінде кірігуі шарт. Екі дауысты дыбыс бір буынның ішінде кіріккенде, біреуі дауысты дыбыстың болу қалпын сақтайды да, екіншісі редукцияланып, буын құра алмайтын дыбысқа айналады ” [7, 232].

Ғалым сонымен бірге дифтонгтың екі түрін айырады: *шынайы дифтонг* және *жалған дифтонг*. *Жалған дифтонг* элементінің біреуі ғана негізгі элемент ретінде буын құрай алады да, екіншісі буын құрай алмайды, көмекші элемент ретінде қызмет атқаратынын айтады. *Жалған дифтонгтың* өзін екіге бөледі: *тұйық дифтонг* (*ао: суат; ұу, ій: киім*) және *ашық дифтонг* (*тау, бау, бой, той*). Алғашқы сыңары буын жасай алатын элементтен, соңғы сыңары буын жасай алмайтын элементтен құралған дифтонг *тұйық дифтонг*. Алғашқы сыңары буын жасай алмайтын элементтен, соңғы сыңары буын құрай алатын элементтен құралған дифтонг *ашық дифтонг* деп аталады. *О* мен *й* дыбыстарының тіркесі, *егеу* деген сөзде *е* мен *у* дыбыстарының тіркесі *жалған* немесе *комбинаторлы дифтонг* деп есептелінеді деген пікір айтады.

Ғалым Сәдуақас Н.Ә. Құдайберген Жұбановтың еңбектерін зерттей отырып, мынадай пікір жазады:

“ Профессор Құдайберген Жұбанов өзіне дейінгі зерттеушілер көрсеткен тоғыз дауысты дыбыс қатарында жуанды-жіңішкелі түрде қолданатын ұу/үу, ый/ій қосынды дыбыстарын атап, қазақ тілінде барлығы он бір дауысты деп білген. Ол 1935 жылғы “Қосар ма, дара ма?” атты мақаласында и мен у дара дыбыс десе, 1936 жылғы оқулығында “Қосынды дауыстылар бір дауыста, бір дауыссыз екі дыбыстан кұранған”, - деп дұрыс қорытынды жасайды. Егер Құдайберген Жұбанов ерте кетпеген болса, бұл қосындылардың дауыстыға жатпайтындығын да анықтаған болар еді... ” [8, 13].

С. Мырзабеков “Қазақ тілінің фонетикасы” атты еңбегінде:

“Қазіргі тілімізде он бір, он екі дауысты бар деушілер шындыққа жақын тұр. Бұлардың біріншісінде екіншісінің қосқаны – тек э дыбысы. Қалған жағдайда іштей жіктеу, сипаттауға келгенде бір-бірімен үндесіп жатады. Екі топқа да тән үлкен жансақтық – қазақтың байырғы сөздерінің құрамында и, у. Мысалы, бу, су, ки, қи сөздерінде дауысты дыбыстарының кездеседі деп қарауы. Бір қызығы зерттеушілер мен оқулық авторларының көбісі бұл екі әріптің әрқайсысы екі дыбыстың ұу, үу, ыу, іу, ый, ій қосындысы бар екенін біле отырып, дауыстыға жатқызып жүр. Жатқызып қана қоймай, оларды дифтонг, дифтонгоид деп дәлелдеуге тырысады. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстарды эксперименттік жолмен зерттеп жүрген Ә. Жүнісбеков және басқа ғалымдар байырғы сөздеріміздің құрамында кездесетін осы екі әріпті дауысты дыбыс деп қарамайды. И, у байырғы сөздеріміздің құрамында

дауысты дыбыс бола алмайтынын дәлелдеген: *суы, буын, келуі, миы, тиын, тиін*” – деп жазған.

Ғалымның пікірінше, *и* мен *у*-дың дауысты дыбыс бола алмайтындығы дауысты дыбыстардың қазақтың төл сөздерінде қатар келмеуіне байланысты.

И мен *у* тек қана кірме сөздерде дауысты дыбыс бола алады, әйтпесе байырғы сөздерде *и, у* қосынды дыбыстардың таңбасы.

2.2 Тілдегі аффрикат қызметтегі дыбыстар:

2.2.1 Орыс тіліндегі аффрикат қызметтегі дыбыстар:

Қазақ тілінде аффрикаттарды қос немесе қосынды дыбыс (қосалқы дауыссыз дыбыс) деп атайды.

“Аффриката (от лат. affricco – тру, притираю), смычно-фрикативный, сложный согласный звук, произносимый единой артикуляцией, включающей в себя три фазы; смычку, выдержку смычки и щелью сглажена; переход от выдержки к щели происходит быстро и плавно. В русском языке представлены аффрикаты **ц** и **ч**, а также их звонкие варианты **дз, дж**, напр. в словах

плацдарм - пладздарм, меч был – медж был” [9, 27].

Сонда бұл жерде **ц** *д* мен *з*, ал **ч** *д* мен *ж* дыбыстарының қосындысы екені көрсетіліп тұр.

1981 жылы шыққан “Современный русский язык” атты еңбекте былай деп жазылған:

“ Аффрикаты произносятся так: смычка на пути воздушной струи раскрывается в щель, и сквозь нее с шумом протекает воздух. На лицо три момента артикуляции: смыкание органов речи, раскрытие смычки, протекание воздуха сквозь щель: произносятся [ц], [ч’].

Согласные:

1) *Общая характеристика преграды:* смычные;

2) *Общая характеристика пути, по которому идет воздушная струя:* неносовые;

3) *Степень усложненности преграды:* сложные – аффрикаты (слитные).

Способ артикуляции: *смычные – сметные ц, ч .*

Место артикуляции: *переднеязычные: ц – зубной; ч – переднеязычный ”* [10, 40;41].

А.А. Реформатский:

“ *Смычные* подразделяются на:

1) *взрывные; 2)аффрикаты; 3)боковые; 4)дрожащие.*

2) *Аффрикаты (смычно-фрикативные),* когда смычка сама раскрывается для прохода струи воздуха в щель с трением, но в отличие от фрикативных не длительно, а мгновенно: это [пф], [ц], [дз], [ч], [дж] ” [11, 173].

Орыс тілінде 2 аффрикаттық дыбыс көрсетіледі. Олар **ц** мен **ч**. Мұнда да **ц** **д** мен **з**, ал **ч** **д** мен **ж** дыбыстарының қосындысы екені көрсетіліп тұр. Сонымен бірге бұл жерде аффрикаттық дыбыстардың айтылым ерекшелігі берілген.

М.В. Панов “Русская фонетика” атты еңбегінде:

“ Звуки [ц] и [ц'] входят только в разные сочетания: [ц'] встречается только перед мягкими губными и мягкими зубными: [ц' в' эт], [фсас' эц' т' в' и], [фс' л' эц' т' в' ии], т.е. в позиции, где все зубные бывают только мягкие. Следуя операции ба процедуры отождествления, мягкость не считаем признаком этого [ц']. Твердый [ц] встречается во всех остальных позициях, ни в одной из них он не противопоставлен звуку [ц], т.е. твердость у него всегда является вынужденной. Она не функциональный признак этого [ц]. Оба [ц-ч'] характеризуются как зубные аффрикативные, они члены одной синтагмофонемы ” [12, 101;102].

М.В. Пановтың пікірінше, ц мен ч дыбыстары қосар дыбыстардың қызметін атқарады, өйткені бірнеше дыбыстардың қосындысынан тұрады.

Л.Р. Зиндер “Общая фонетика” атты еңбегінде былай деп жазады:

“ Долгий, согласный встречается на стыке морфем, может представлять не только сочетание двух одинаковых, но двух разных фонем. Это имеет место, например, в русском языке с долгими аффрикатами [с:, č:], которые возникают в результате того, что предшествующий им согласный [т], как и всякий смычный в русском языке в положении перед другим смычным, выступает как имплозивный. Лишенный взрыва [т], сливаясь со смычкой следующей за ним аффрикаты, и дает долгую аффрикату. Так как бывает только на стыке морфем в русском языке, то этим определяется трактовка в нем долгих аффрикат, как сочетаний двух фонем [т] + [с], [т] + [č]: ср. [А с: ер'ит'] отцenumть, [Аč: erknut'] отчеркнуть: фонематически приведенные слова следует транскрибировать так: [atcep'it'], [atčerknut'] ” [13, 128;157].

Ғалымның пікірінше, ц т мен с, ал ч т мен ш дыбыстарының қосындысынан тұратын аффрикаттық дыбыстар.

В.А. Виноградов “Консонантизм и вокализм русского языка” атты еңбегінде:

“Например, сочетание одних и тех же звуков [т] и [с] реализуется не одинаково: при стыке префикса и корня имеем сочетание одних и тех же звуков

[тс] , при стыке корня и суффикса происходит ассимилятивное стяжение этого сочетания в один звук [ц], который фонологически не равен звуку [ц], представляющему фонему [ц]; такое явление может возникать в известных случаях и внутри одной морфемы, когда согласные, бывшие в одной форме слова разделенными гласным, в других формах “теряют” этот гласный, в результате чего два согласных оказываются в непосредственном контакте и происходит преобразование их в однозвучный элемент ” [14, 20].

“Русский язык ” (энциклопедия):

“ Звук [ц] глухой. Но у него есть парный звонкий [дз], который произносится на месте [ц] перед звонким согласным: *плацдарм, спецзадание, Шницберген, это отец был, конец года*. Такую же пару составляет глухой [ч'] и звонкий [дж']: *лечь бы, начбазы, дочь была*. Звонкий [дж'], как и [дз], появляется перед звонким шумным согласным.... Звук [ч'] мягкий, твердый парный для него [ч], который бывает перед [ш]; *лу [ч] ше*, звук [ц] твердый, а мягкий [ц'] произносится, например, на месте [т'] перед с: *ня [ц'] ся, мя [ц'] Сережи* ” [9, 86;87].

В.А. Виноградов:

“ Аффриката [дж] нормально представлена как вариант фонемы [ц] в позиции 2б – как правило, на стыке слов. По отношению к этой фонеме [дж] является вариацией, так как варианты – результат позиционных изменений коррелятивных фонем, а [ц] находится вне корреляций по глухости –звонкости. Вторая резкая фонема [ч] также имеет в той же позиции звонкую вариацию [дж'], например, *отец [ат'эц] – отец бы [ат'эдзбы] , ночь - [ноч] - ночь была темной [нодж'была]* ” [14, 38;39].

М.В. Панов “Русская фонетика”:

“Русские слитные согласные (аффрикаты) – не сочетание взрывного со щелевым (фрикативным), а целостные, единые звуки: например, [ц] не равно [т+с]. Артикуляция первой части у [ц] значительно отличается от [т]; артикуляция второй, щелевой части у [ц] не тождественна [с]. При артикуляции

[т] кончик языка упирается в верхние резцы, спинка языка при этом выгнута. Артикуляционный фокус, сближение передней части языка и зубов у [с] чуть глубже, под самыми альвеолами. Для [ц] нужна теснина там же, где она у [с]. Но форма языка та же, что при произношении [т]: спинка языка не выпукла, кончик языка не опущен книзу, к нижним губам. Выходит, что [ц] на всем своем протяжении похож по месту артикуляции на [с], по форме артикулирующего языка – на [т], а полностью не похож ни на тот, ни на другой звук. Поэтому [ц] и надо считать совершенно особой звуковой единицей – не простым слиянием [т] и [с]. Также и [ч'] не состоит из [т'+ ш']. Первая взрывная часть его артикулируется не там, где обычное [т'], а выше, где обычно артикулируются [ш, ш']. Палатализованность [ч'] меньше, чем у [т']. Сравним произношение слов *отишумел* и *очумел*. В первом случае между [т] и [ш] язык чуть-чуть отходит от места смычки: [т] артикулируется с относительно энергичным взрывом, после этого язык снова уменьшает свое отстояние от альвеол, чтобы создать узкую щель для [ш]. В слове *очумел* язык после первой, взрывной части работает значительно менее резко: не “отскакивает” от места смычки, а после ослабленного взрыва сразу образует щель, которая нужна для фрикации, продувания воздуха сквозь щель. Нет отступа и нового приступа, продолжается одна выдержка, состоящая из двух частей: взрыв и продувание воздуха сквозь образовавшуюся щель. Поэтому слитные и нельзя рассматривать как сочетания звуков: они нечленимы. И время на их произношение тратится примерно такое же, как на [т], или [с], или [с']. В русских словах и словосочетаниях встречаются, хотя и не часто, звонкие слитные [дз] и [д'ж']. Звук [дз] отличается от [ц] только звонкостью; в словах *Шницберген, спецзадание, он хитрец был, отец-де сказал, отец бы позволил* произносится не [ц], а его звонкий двойник [дз]. Звук [д'ж'] отличается от [ч] тоже только звонкостью: *алчба, начбазы, Учгиз, он силач был, дочь-де сказала, испечь бы*. Произношение [ц] в словосочетании *он хитрец был* или [ч'] в словосочетании *он силач был* по русским произносительным навыкам невозможно, если только не сделать

искусственно паузу после *хитрец* и *силач*. В речевом потоке встречается и мягкий [ц']. Например, с таким мягким [ц'] могут произноситься слова цвет, впоследствии, родственник : [ц'в'эт], [фнас'л'эц'т'в'иш], [роц'т'в'ин'ик]. Правда, такое произношение свойственно не всем лицам, владеющим русским литературным языком, есть и другая норма произношения этих и подобных слов, с твердым [ц]: [цв'эт]. Звук [ч] твердый тоже встречается, хотя он и редкостен: в словах *лучше*, *Ницше*, *Ротшильд* произносится именно такой твердый [ч]: [лучишь], [н'ичишь], [рочишыл'т] ” [12, 32;35].

Сонда бұл жерде **ц** т мен с және д мен з, ал **ч** т мен ш және д мен ж дыбыстарының қосындысы екенін ғалым дәледеп тұр. Ғалым орыс тілінде **ц** мен **ч** дыбыстары қалай жасалатыны туралы айтады.

Сонымен орыс тілінде 2 аффрикаттық дыбыс бар: **ц** мен **ч**. Орыс тілінде де аффрикаттық дыбыстар қосар қызметін атқарады. **Ц** д мен з немесе т мен с, ал **ч** д мен ж немесе т мен ш дыбыстарының қосындысы екенін орыс ғалымдарының еңбектерінен көріп тұрмыз тұр.

2.2.2 Түркі тілдеріндегі аффрикат қызметтегі дыбыстар:

Малов С.Е.: “ Древние языки следующие: караимский, огузский, половецкий, саларский, тофомарский, тувинский, узбекский, уйгурский:

а) новоуйгурский; б) древнеуйгурский; в) язык желтых уйгуров, хакасский, чагатайский, шорский. В отношении начальных звуков слова можно сказать, что в древних языках преобладали глухие, как и в других случаях. Относительно “й”- **дж, ч, ш, ж** я могу сказать предположительно, что более древними здесь были шипящие и свистящие звуки **дж, ч, ш**, звук же “й” был в очень малом и редком употреблении (в начале слов), в письменном языке древних тюрков и у ближайших их теперь по языку – желтых уйгуров ”

[15, 141].

Сонда ғалым қазақ жерінде тұрған халықтарының тілінде **дж, ч** аффрикаттарының кездесетінін айтып кетеді де, оған мысалдар келтіреді:

Дж: Джарым - половина, джақ - сторона, джан - душа, дже - кушать, джетә - семь, джор - ходить, джор - укорять, джоват - благодарить, джіг - легкий;

Ч: Ча - чай, чаған - чайник, чайнас - петъ, чақыр - вино, чал - кланяться, молиться, чалча - пьный, захмелевший человек, чалығ - плеть, чан - пыль, чап - вырывать, выкорчевыват....

“ В неразложимых корнях **ч:** ача - отец. В конце глаголов при наращении **ч:** ісіп - пивши. В конце именных корней при наращении **ч:** бачым - моя голова (от баш)... Перед звуками же “і” и “ы” замечается уже переход звука “й” в “дж”. Чередования: **ль/ ч:** пілын// пічін, **т/ ч:** ті// чі (верблюды).. .” [3, 138;160].

Радлов В.В. өзінің “Опыт словаря тюркских наречий” атты еңбегінде түркі тілдеріндегі **ц** мен **ч** әріптері орыс тіліндегі **ц** мен **ч**-ға ұқсайды деп жазған. Сонымен бірге сөздікте **дж, ч, ц** аффрикаттары бар сөздерді мысалға келтіреді:

“ Джабалак – сова, джай – хорошо, лучше, джайшылык – спокойствие, тишина, джак – втирать, мазать, красить, джак – лук, джамбурлу – дождливый, джаулық – платок, джоу – война, чаі – чай, чаіка – ведро, чаіба – трясти, полоскать, чаіна – жевать, чауапла – отвечать, чауцы – сват ”

[2, 278;398, 6;190].

Мелиоранский П.М. аффрикаттық **дж** дыбысына ерекше назар аударады, ғалымның пікірінше, бұл дыбыс **ж** дыбысына ұқсайды, **ч** дыбысы да ғалымның пікірінше, қос дауыссыз болып келеді.

2.2.3 Қазақ тіліндегі аффрикат қызметтегі дыбыстар:

Қазақ тіл білімінің бір ғасырдан астам тарихы бар, бірақ осы күнге дейін қазақ тілінің дыбыс жүйесінің санын көрсетуде бірізділік жоқ деуге болады. Дауыссыз дыбыстардың санын әр еңбекте әр түрлі көрсетеді (19, 25).

“ В современном казахском языке имеется 25 согласных: б, г, д, ж, з, й, к, л, м, н, п, р, с, т, (у), ш, қ, ң, ғ, һ, в, ф, х, ц, ч ” [16, 40].

Қазақ тілінің жүйесінде 25 консонантизм бар екенін А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, Ж. Аралбаев тілші ғалымдары да өз еңбектерінде көрсеткен болатын, бірақ қазіргі кезде қазақ тілінің алфавитіндегі дауыссыз дыбыстардың қайсысы қазақ тіліне кірме сөздер арқылы енгені жөнінде пікір-талас туып отыр.

Ж. Аралбаев:

“ Қазақ консонантизмі 25 дауыссыз фонемадан құралатыны, олардың акустика – артикуляциялық ерекшелігі, орыс тілі арқылы ауысқан в, ф, х, ч, ц дыбыстарының сыры, комбинаторлық жолмен алмасып отыруы тым тәуір айқындалған Содан кейін в, ф, х, ч, ц кірме дыбыстары әрбіреуі

қазіргі кезде қазақ тілінде дербес – дербес фонема статусына жетті ме немесе олар фонема варианттары ма ? Бұл да әлі біржолата шешілмеген мәселе ” [6, 14;19].

Ғалымның пікірінше, бұл кірме дыбыстар қазақ тіліне сіңісіп кетті ме деген сұрақ қойып отыр.

Томанов М. пікірінше:

“ *В, ф, х, ц, ч, щ* дауыссыздары осы дыбыстар айтылатын сөздермен бірге орнықты... **Ч** аффрикаты сөйлеу тілінде бұрыннан бар дыбыс. Бірақ әдеби тілде ол дыбыс интернационалдық сөздермен бірге келіп орнықты ” [4, 41].

Ал мысалы І. Кеңесбаев, Ж. Аралбаев, С. Мырзабеков ғалымдарының пікірінше, *в, ф, х, ц, ч* фонемалары орыс тілінің сөздері арқылы қазақ тіліне енген деген пікір айтады. С. Мырзабеков:

“ Қазақ жазуында *в, ф, х, ц, ч* әріптері орыс тілі сөздерін жазу және айту қажеттілігінен пайда болған ” [5, 126].

Мысалы:

« *Частушка, чек, чемпион, чемпионат, черепаца, чертеж, чех, чечен, чиновник, чуваш, чукша* » [32; 710;711].

Осы пікірге С. Омарбеков, Ғ. Қалиев, Ш. Сарыбаев сияқты диалектолог ғалымдар қарсы келіп, **ч** фонемасын қазақ тілінің төл дыбысы деп айтады.

С. Омарбеков:

« Қазақ тіліндегі **ч** дыбысы – жұмсалып өрісі өте тар дыбыстарының бірі. **Ч** дыбысын қолдану тілімізде, негізінде, говорларға тән. Ол қазақтың жалпы халықтық ежелден бар дыбыс. **Ч** дыбысы қазір жалпы халықтық тілде малға айтылатын *чу-чу.., чәй-чәй.., чек-чек.., тәрізді бірлі-жарым одағайларда* қолданылғаны болмаса, тіліміздегі байырғы

сөздердің дыбыстық құрамында жалпылама ұшырай бермейді » [17, 103].

Ғалым **Ч** аффрикатының говорларда кездесетінін айтады.

Ғ. Қалиев пен Ш. Сарыбаев тілші ғалымдары 1967 жылы шыққан

«Қазақ диалектологиясы» атты еңбектерінде **Ч** дыбысының қазақ тілінде орыс тілінің әсерімен пайда болғанына қайшы келіп, **Ч** дыбысының қазақ тілінде бұрыннан бар екенін айтады да, тарихи жазба нұсқаларға қарағанда оның көне түркі тілдерінде кең тарағанын байқайды:

“ V-VII ғасырлардағыорхон-енисей жазуларында – *чур* (титул-оғлан *чу*), *чаб* (даңқ), *чығай* (кедей), *ічрә* (ішкі), *көңлүнчә* (көңілінше). XI ғасырдағы

Махмұд Қашқаридің сөздігінде *чадан* (шаян), *чечек* (шешек), *черіг* (шерік), *күч* (күш), сол XI ғасырдан қалған «Құтадғұ білігте» *чін* (Қытай), *чүн* (шын), *чұқ* (шық) т.б. сөздерді кездестіреміз ” [18, 19].

Ч дыбысы қазіргі көптеген түркі тілдерінде де (қырғыз, түрікмен, өзбек, ұйғыр, азербайжан т.б.) жиі қолданылады. **Ч** дыбысы көбіне говорларда кездеседі, ол бұрын түркі тайпаларының сөйлеуінде **Ч** дыбысының көп пайдаланғанның айғағы, бірақ **Ч** дыбысын **Ш** дыбысы бірте-бірте ығыстырып тастаған көрінеді. **Ч** аффрикаты **Т** мен **Ш** дыбыстарынан құралған қосынды дауыссыз, сондықтан да оны аффрикат дыбысы деп атаймыз. **Ч** дыбысының бұрыннан бері говорларда қолданылып жүргеніне қарамастан, кирилицаға көшкенге дейін қазақ тілінде **Ч** дыбысының таңбалауы болған емес. **Ч** фонемасы сөздің басында кездеседі, көбіне Жетісу, Манғышлақ, Шығыс Қазақстан облысындағы кейбір

аудандарында тұратын адамдардың ауызекі сөйлеу тілдерінде кездеседі. Бұл өңірде *шал, шана, шағаланың* орнына *чал, чана, чағала* деп айтады. Көбінесе сөздің басында, кейде ортасында мұрын жолды сонор дыбыстардан соң қолданылып, әдеби тілдегі **ш** дыбысы орнына айтылады.

Мысалы:

« *Чалка - шалқа, чалкар түс - шалқар түс, чалша - шалша, чалым беру - чалым беру, чамалдап - шамалдап, чамалдау - шамалдау, чамғыр - шамғыр, чаңбыр - шаңбыр, чамылу - шамылу, чанақ - шанақ, чанаш - шанаш, чанда - шанда, чанжа - шанжа т.б.* » [34, 716].

Сарыбаев Ш. “ Семей облысы Мақаншы ауданында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір диалектілік ерекшеліктер туралы” атты мақаласында Мақаншы ауданының тұрғындарының ауызекі сөйлеуінде **ш** орнына **ч** дыбысын қолданатынын айтады:

“Сөз басындағы және *-шы, -ші* қосымшасындағы **ш** дыбыстары **ч** болып айтылады. Мысалы, *чапан (шапан), чал (шал), чалғы (шалғы) т.б.* Жергілікті тұрғын халық Мақаншы селосының атын Мақаншы деп, сөздің соңындағы *-шы* жұрнағын **ч**-мен айтады. **ш** дыбысының орнына **ч** дыбысының айтылуын ұйғыр тілінің әсері деп есептеу керек ” [19, 38].

Жетісу қазақтарының тілі жөнінде алғаш рет мақала жазған М. Нүсіпов те бұл құбылыстың осы өңірге тән екенін айтады.

“Современный казахский язык” атты еңбекте былай деп жазылған:

“ Звук **ч** также возможен в инлауте, после согласных (*малчы, атчы, әнші, онча - мұнча* вместо *малшы, атшы, әнші,*

онша - мұнша), а в интервокальной позиции почти не встречается. В артикуляционном отношении **ч** сближается с аффрикативным **ж** : первый из них глухой аффрикат, второй звонкий аффрикат ” [16, 58].

Бұл жерден қазақ тіліндегі **ч** мен **ш** дыбыстарының алмасу құбылысы сөздің ортасында кездесетінің де көре аламыз.

Ч мен **ж** дыбыстарының артикуляциясы жағынан ұқсас болып келеді, бірақ **ч** әрпі – қатаң, ал **ж** әрпі – ұяң дыбыстарға жатады. **Ч** аффрикатында екі дыбыстың элементі бар: оның бірінші элементі – көмескі шұғыл **т** дыбысы да, екінші элементі – қатаң спирант **ш**. **Ч** аффрикатының жасалуының екі кезеңі бар: біріншісі, екі мүшенің аздап жабысуы, екіншісі, екі мүшенің жабыспай, бір-біріне жуықтауы. Олай болса, **ч** аффрикатын да дәл не шұғыл, не ызың дыбыс деп айта қою қиын. Бірақ шұғылдық мүшесінен гөрі ызыңдық мүшесі басым. Қазақ тілінде **ч** аффрикаты жіңішке түрде айтылып, екі дыбыстың құрамы сапасында естіледі (**т, ш**).

Мысалы:

« Чар - тшар, чара - тшара, чарайна белдік - тшарайна белдік, чара-пара - тшара-пара, чарбақ ошақ - тшарбақ ошақ, чарбас - тшарбас, чарқат - тшарқат, чарқындау - тшарқындау, чарлау - тшарлау, чаруақ - тшаруақ, чарға бөліну - тшарға бөліну, чарғыш - тшарғыш, чарқ - тшарқ, чарқап - тшарқап т.б. » [34, 716].

Сөз ішінде **ч** аффрикаты *н* мұрын сонорынан кейін де не *ы*, *и* (*i*) қысаңдарының алдында да айтыла береді:

« Айылчы, алчы омпa, ачы, әчі, басын чірік қылу, күлчін, қалчы, қарчыға, құчыр, қырчылу, қыстақчы, тергулікчі т.б. » [34, 31;663].

Осы позицияда жедел айтылғанда **ч** үнемі аффрикат сапасын береді де, жедел айтылмай, жай айтылғанда жалаң спирант **ш** сапасын көрсетеді. Дегенмен, **ч** аффрикатының дербес фонематикалық мағынасы жоқ, осы себептен оны **ш** спиратының позициялық варианты деп қараймыз.

Құрышжанов Ә. “Нарынкөл, Кеген аудандарында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір жергілікті ерекшеліктер жөнінде” атты мақаласында ғалым былай деп жазады:

“ **Ч** – бұл аффрикат дыбыс, көбінесе, сөздің басқы және орта позицияларында кездеседі. Мысалы, *чапан (шапан), чалғы (шалғы), чатақ (шатақ), чал (шал), чыны (шыны), чығу (шығу), чегара (шекара)* т.б. *Чапаныңды ала чық, төсеніп жатамыз. Оған дейін бірғанча уақыт керек қой. Қарчыға, сен бері келші!* Аффрикат **ч** дыбысы сөздің ең соңында айтылмайтын сияқты. Мысалы, *ол чақаш (шанаш)* деп сөздің басында айтылса да, сол сөздің соңында айтылмай тұр. Сол сықылды **ч** дыбысы **ш** дыбысымен барлық уақытта да алмаса бермейтін тәрізді, өйткені “*шекпен*” сөзі “*чекпен*” болып айтылса да, “*шырағым*” сөзі “*чырағым*” тұлғасында айтылмайды. Сонымен бірге “*шырақ жақты*” дегеннің орнына “*чырақ жақты*” болып айтыла береді. Демек **ч** мен **ш** дыбыстарының жүйелі түрде алмасу заңдылығын анықтау қолда бар материалдар негізінде мүмкіндік емес ” [21, 45].

О. Нақысбеков:

“ Аффрикат **ч**-ның спирант **ш**-мен сәйкес келуі сөздің бас позициясында жиі ұшырайды. Мысалы: *чал – шал, чекпен –*

*шекпен, чалғы – шалғы, чам – шам, Чортанбай – Шортанбай, Чөже – Шөже т.б. мұндай мысалдардың тізімін көп келтіруге де болады. Аффрикат **ч** дыбысы негізінен сөздің басында айтылуымен бірге сөздің ортасында қатаң *л, т, қ, к* және үнді *л, м, н, ң* дауыссыздарынан соң спирант **ш** орнына аффрикат **ч** айтылады. Мысалы: *жиенчар – жиеншар, чанчу – шаншу, күлчін – күлшін, қамчы – қамшы, жиренче – жиренше, көпчик – көпшік, сұранчы – сұраншы, құлақчын – құлақшын, қылча – қылша, көңілчек – көңілшек* ” [22, 23].*

Кейінгі кездегі диалектологиялық зерттеулерге қарағанда аффрикат **ч** дыбысы тек оңтүстік өңірде ғана емес, қазақ тілінің батыс говорлар тобында да ұшырайтыны дәлелденіп отыр. Бірақ та батыс говорлар тобында аффрикат **ч** дыбысы бар дегенмен, естілу дәрежесі жағынан бірдей деп айтуға болмайды. Жетісу, Шу қазақтары тілінде айтылатын **ч** таза аффрикат болса, қазақ тілінің батыс говорларындағы **ч** толық аффрикат емес, **ч** мен **ш** дыбысының арасындағы аралық дыбыс болып саналады. Осындай сапалық қасиеті жағынан оңтүстік пен батыс қазақтары тілінде ұшырайтын аффрикат **ч** бір-бірінен ажыратылады.

Ғ. Қалиев, Ш. Сарыбаев: “ Әрине, қазіргі түркі тілдерінде, сол сияқты қазақ тілінің жергілікті говорларында бұл дыбыстың қолдану, айтылу дәрежесі бірдей емес. Біз ол жағына тоқтап отырғанымыз жоқ. Сөйтіп **ч** қазіргі әдеби тілдегі **ш** дыбысымен қатар қолданылып, көне заманнан келе жатқан дыбыс екендігін көреміз ” [18, 19].

Әдеби тілімізде де **ч** дыбысы сирек айтылады. Осы күнгі қолданылып жүрген жаңа графикаға көшкенге дейін бұл дыбысты таңбалайтын жеке әріптің қазақ алфавитінде

болмағандығы белгілі, әйткенмен кей дыбыстардың символының жазуда көрсетілмеуі ол дыбыстың сол тілде жоқ екендігінің толық кепілі бола алмайды. Көптеген қазіргі түркі тілдерінде (қырғыз, түрікпен, ұйғыр, өзбек, азербайжан, түрік т.б.) **ч** дыбысы сөздің алуан түрлі позицияларында өте жиі қолданылатын фонемалардың қатарына жатады. Көне замандардағы түркі тілдерінде де **ч** дыбысы болған. V – VII ғасырлардағы орхон-енисей жазуларында да, сондай-ақ орта ғасырлардағы көне шағатай тілінде де **ч** дыбысы қолданылған. Біз **ч** дыбысы қазақ тілінде бар дегенде, біріншіден, оның қазақ тілінің жергілікті говорларында кездесуінен, екіншіден, оның қазіргі қазақ тілінің лексикалық құрамына орыс тілінен яки орыс тілі арқылы басқа тілдерден кейінгі кездерде ғана енген *чартизм, чек, чемпионат, очерк* сияқты сөздер мен *Чили, Чехословакия, Боккаччо, Чехов, Чернышевский, Собакевич, Данченко* тәрізді жалқы есімдерде ұшырауы тұрғысынан алып айтып отырмыз.

Мысалы:

« *Чардаш, чартизм, чартист, частушка, чек, чека, чекист, чемодан, чемпион, чемпионат, чемпиондық, черепаца, чертеж, честь, чех, чечен, чиновник, чуваш, чукча...* » [38, 72;73].

Бұл дыбыстың әдеби тілімізде жұмсалыу шеңбері осы айтылғандар алуандас санамал сөздердің көлемінен аспайды. Негізінен алғанда, қазақ тілінде **ч** дыбысын жиі қолдану тіліміздің кейбір говорларының фонетикалық жүйесіне ғана тән, диалектілік құбылыстар қатарына жатады.

С. Омарбеков:

“ **Ч** дыбысының сөздің бас позициясында жұмсалуды – көне және қазіргі бірсыпыра түркі тілдерінің фонетикалық жүйесі үшін қалыпты жағдай. Көне түркі тілдерінің ескерткіштерінің: V – VII ғасырлардағы орхон – енисей жазуларында кездесетін *чаб* (әйгілі, даңқ), XI ғасырдағы Махмуд Қашқаридың сөздігінде кездесетін *суқ* (шық), сондай-ақ XI ғасырдағы Құдатғу білігі пен XIV ғасырдағы Насырәддин Рабғузи шығармаларында кездесетін *суп* (шын, рас), *сәсәк* (гүл) сөздерінде аффрикат **ч** дыбысы сөз басында ұшырайды ” [21, 37].

Қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде **ч**, **ш** дыбыстары сөздің бас позициясында қатар қолданыла береді. Татар, өзбек, азербайжан, қырғыз, түрікпен, ұйғыр тілдерін алатын болсақ, бұл тілдердің бәрінде де алғашқы дыбысы **ч**-дан басталатын сөздердің де, сол сияқты алғашқы дыбысы **ш**-дан басталатын сөздердің де бар екендігін көреміз.

Нұрмағанбетов Ә. өзінің “Казахский говор на территории Туркменской С.С.Р.” атты кітабында:

“ Прежде всего из соответствий согласных следует особо отметить соответствие **ш/ч**, которое является одним из основных признаков исследуемого говора. Явление чокания в языке казахов Туркмении в большинстве случаев встречается в начале слова. Например: *чақ* – *шақ* (раздробит), *чақпақ* – *шақпақ* (кремень), *чапқы* – *шапқы* (тяпка), *чекпен* – *шекпен* (армяк), *чет* – *шет* (окраина), *чық* – *шық* (выйди), *чыт* – *шыт* (ситец), *чыппыртқы* – *шыбыртқы* (кнут) и др. Однако чоканию подвержены не все слова начинающиеся со звука **ш**. Мы разделяем мнение некоторых исследователей, которые считают, что аффрикат **ч** в составе западных групп говоров не является чистым аффрикатом. Мы считаем, что аффриката **ч** в

языке местных казахов, является результатом влияния туркменского языка ” [24, 4;5].

Қазақ говораындағы **ч** аффрикаты ғалымның пікірінше, түрікпен тілінің әсерімен енген дейді.

Сонда **ч** аффрикатының қазіргі қазақ тілінде қолданылуы жайында тіл білімінде үш түрлі пікір қалыптасты, яғни көрші елдер болғандықтан қырғыз, өзбек, түрікпен тілдерінің қазақ тіліне әсері, екіншіден **ч** дыбысының қазақ тіліне орыс тілінен кірме сөздер арқылы енуі, үшіншіден **ч** дыбысының қазақ тілінде бұрыннан келе жатқан төл дыбыс.

Орыс тіліндегі сөздер арқылы қазақ тіліне енген аффрикат – **ц**.

Ц - тіл алды үстіңгі күрек тіске соқтығуынан жасалатын тістік жаңа аффрикаттық фонема. Бұл фонема қазақ тіліне *концерт, процент, центнер, циркуль, цемент, цех т.б.* сөздер арқылы енген. Бұл дыбыс қазақ фонетикасы үшін жаңалық болып келеді, **ч**-ға қарағанда оның артикуляциясы ерекше болып келеді, сонымен бірге **ц**-ның сапасы сөздегі тұратын орынына байланысты өзгереді.

Ц аффрикаты сөзде біркелкі айтылмайды: **ц** аффрикаты сөз басында (*центнер, цирк, циркуль, цех т.б.*).

Мысалы:

« Царизм, цейтнот, целлофан, целлулоид, целлюлоза, цемент, цементте, ценз, цезор, цензура, цент, центнер, цивилизация т.б. » [38, 67].

Дауысты дыбыстан кейін немесе екі дауыстының ортасында (*механизация, доцент, делегация, декорация т.б.*). Бұл аффрикат **т** мен **с** дауыссыз дыбыстардың қосындысынан тұратын фонема:

“ ...чистым аффрикатом **ц** является в анлауте (цилиндр, цех), после гласных или в интервальной позиции (механизация, миграция); в позиции после согласных, особенно сонорных, **ц** иногда переходит в *с* (Франция- Франсия, станция- станса). В устной речи возможна форма *ыстанса*, однако это не находит отражения в орфографии ” [25, 298;299].

Мысалы:

« Атцетон - атсетон, вакцина - ваксина, вальцовка - вальсовка, дедукция - дедуксия, дезинфекция - дезинфексия, девакцина - деваксина, дикция - диксия, дифракция - дифраксия, концерт - консерт, функция - функсия т.б. »
[32, 59;706].

С. Мырзабеков өзінің “Қазақ тілінің фонетикасы” атты еңбегінде екі аффрикат дыбысын көрсетеді, ол **ц** мен **ч**. Ал І. Кеңесбаев, Ж. Аралбаев сияқты фонетик ғалымдар және Ә. Нұрмағанбетов, О. Нақысбеков сияқты диалектолог ғалымдар қазақ тілінде **д** мен **ж** дыбыстарының қосындысынан тұратын **дж** аффрикаты бар дейді.

Мысалы Ж. Аралбаев:

“ Қазақ тілінде спирант **ж** фонемасының аффрикат түрінде **дж** айтылатын варианты бар. Аффрикат **дж** тіл алды – жіңішке, көбіне үлкендердің тілінде естіледі: *джол, джер, джылым, джапалақ, джанылтпаш, джетінші т.б. ”*
[6, 54].

Кеңесбаев І. **дж** аффрикатын **ж** фонемасының дыбыстық варианты деп қарайды.

Мысалы:

« Жазмыш – джазмыш, жазу – джазу, жазыда – джазыда, жазықсыз – джазықсыз, жайлақ – джайлақ, жайлауыт –

джайлауыт, жайсаң – джайсаң, жақсыз – джақсыз, жақша – джақша, жақындық – джақындық, жал – джал, жалақ – джалақ т.б. » [38,187;267].

Аффрикат **дж** дыбысы ғалым Ә. Нұрмағанбетовтың айтуы бойынша говорлардың батыс тобында ғана кездесіп қоймайды, сонымен бірге оның Қазақстанның оңтүстігіндегі кейбір аудандардағы қазақтар тілінде жиі ұшырайтынын айтады:

“ ...Шу алқабындағы қазақтар тілінде “джайлау”, “джауын”, “джүлде” т.б. көптеген сөздерде басында айтылса, “олджа”, “болджау” сияқты сөздерде ортасында қолданылатынын көреміз... Диалектологиялық деректерге қарағанда “**дж**” дыбысы Алматы, Жамбыл, Шығыс Қазақстан облыстары мен Шымкент, Семей облыстарының кейбір аудандарындағы қазақтар тілінде қолданылады ” [26, 66].

Ғ. Қалиев пен Ш. Сарыбаев:

“ Қазақ тілінің говорларында әдеби тілден бөлек, оқшау тұрған дыбысы жоқ. Аффрикат **дж** дыбысы болмаса, говорлардағы дыбыстар сан жағынан әдеби тілдегі дыбыстармен бірдей. Қазақ говорларындағы фонетикалық ерекшеліктер әдетте жеке дыбыстардың (әсіресе дауыссыз дыбыстардың) тұрақсыздығымен сипатталады. Аздап болса да метатезалық құбылыстар кездеседі ” [18, 43].

Мысалы А. Шардарбекұлы пікірінше:

“ Қазақстан аумағында бұл дыбыстың таралу сипаты да біркелкі емес. Аффрикаттың ішіндегі **ж** дыбысы қазақ жерінің оңтүстік-шығысы жергілікті халықтардың тілінде қолданылса, ал солтүстік-батыс қазақ тілінде сөз басында, сөз ішінде тисінше **ш** жұмсалатындығы белгілі. Аффрикат **ж** дыбысының тараған әкімшілік-территориялық жағынан алғанда Оңтүстік

Қазақстан, Жамбыл, Алматы, Шығыс Қазақстан облыстары тұрғандарының ауызекі сөйлеу тілінде ұшырасатынын көреміз” [27, 16;17].

Аффрикат **дж** сөз ортасында *л, н* дауыссызынан кейін келеді.

Мысалы:

« *Әнжі - әнджі, әнжімә - әнджімә, чыралжын - чыралджын, шанжа - шанджа, шұбалжаң - шұбалджаң, ылжырау - ылджырау* » [34, 106;785].

Қазақ диалектолог мамандар **дж**-ның жергілікті ерекшеліктеріне жататыны немесе әдеби норма екені талас тудырып келеді. **дж** - тіл алды таңдайдың алдыңғы бөлегіне жуықтуынан жасалатын фрикатив, екі фокусты ұяң фонема. **дж** аффрикатында екі дыбыстың элементі бар, оның бірінші элементі – көмескі шұғыл **д** дыбысы да, екінші элементі – спирант **ж**. Демек, артикуляциясының жасалу жағынан екі кезеңі бар: біріншісі, екі мүшенің аздап жабысуы, екіншісі, екі мүшенің жабыспай, жуықтасуы. Олай болса, **дж** аффрикатын дәл не шұғыл, не ызың дыбыс деп айта қою қиын. Бірақ шұғылдық мүшесінен көрі ызыңдық қасиеті басым. Қазақ тілінің қалыптасуының нәтижесінде аффрикат **дж** тек жалаң **ж** дыбысына ауысқандығы даусыз мәселе. Жалаң **ж** дыбысына қалыптаса бастаған артикуляциялық органдарға **дж**-ны айту қиындыққа соқтыратыны түсінікті. Осыдан келіп, бұрынғы “*джүз, джүзік*” болып дыбысталатын сөздердегі **ж** түсіріліп, “*дүз, дүзік*” болып дыбысталып, мұның өзі сөйлеу тілінде қалыптасқан болса керек.

Ә. Нұрмағанбетов:

“ **Ж** дыбысының түсіп қалып, **д**-ның сақталуындағы заңдылықты біз былай дәлелдегіміз келеді. “Дүз” буынының соңындағы **з** дыбысы да **ж** сияқты дауыс қатынасына қарай ұяң әрі артикуляция жағынан екеуі де палаталь фонемалар. Осы жағдайды еске алғанда, **д**-дан гөрі **ж**-ның түсіп қалуы заңдырақ. Дауыстыларға қарағанда **ү** – редукцияның жемісі. Осы редукцияланған дауыстының да дүз болып айтылуға себі тисе керек ” [26, 110].

Диалектолог Омарбеков С. пікірінше:

“ Аффрикат **ч, ж** дыбыстары осы өңірдің Жетісу Шу говорларына ортақ құбылыс болып саналады. Ал осы өзгешеліктер қазақ тілінің шығыс говорлар тобына да тән. Бұл дыбыстар негізінен сөздің бас позициясында (*чым – шым, чал – шал, джақсы – жақсы, джыл – жыл*) айтылады. Ал кейде сөздің ортасында да кездеседі ” [28, 37].

Аффрикат **ж** дыбысы шұғыл **д**-дан соң іле айтылған спирант **ж** дыбысының қосындысынан пайда болған дауыссыз. Аффрикат **ж** тіл ұшының алвеолға нық тиюінен жасалған дыбыс болғандықтан академик І. Кеңесбаев дауыссыз дыбыстарды топтастырғанда, бұны шұғыл дыбыстар тобына қосады. Аффрикат **ж** дыбысы қазақ тілі говорларында ертеден байқалып келе жатқан құбылыс.

Мысалы:

« *Жадылы – джадылы, жадыра – джадыра, жазаба – джазаба, жазам – джазам, жазаң – джазаң, жазбалы – джазбалы, жазғылық – джазғылық, жаздау – джаздау, жазды – джазды, жаздық – джаздық, жазира – джазира, жазмыш – джазмыш, жазтұрым – джазтұрым, жазылмыш – джазылмыш, жазысы жоғары – джазысы джоғары, жайдақ ер – джайдақ ер*

[34, 219;283].

Нұрмағанбетов Ә.:

“ Бұл күнге дейін жиналған материаладарда немесе қазақ тілінің зерттеу объектісі болған жергілікті тіл ерекшеліктерінде **ж** – **й** дыбыстарының спонтандық сәйкестігін кездестірген емеспіз. Осы дыбыстық құбылыстың тек Қарақалпақ АССР-інің оңтүстігінде мекендеген қазақтар тілінде ғана байқалатындығын көріп отырмыз. Көрсетілген өңірдегі қазақтар тіліндегі диалектілік ерекшеліктерді зерттеуші автордың өз сөзімен айтсақ, мынадай жолдарды оқимыз: “ ...языку казахов южных районов Каракалпакской АССР свойственно йоканье в анлауте слова ” (30, 13). Одан әрі автор осыған мысал боларлықтай “*йағдай*”, “*йаш*”, “*йаңа*”, “*йыл*” т.б. сөздерді ұсынады ” [26, 66;67].

Мысалы диалектолог ғалым О. Нақысбеков:

“ Диалектологиялық атласқа байланысты зерттеу жүргізіп, осы құбылыстарды картаға түсіргенде, оңтүстіктің көп жерінде **ж** орнына **й** қолданылатыны анық болып отыр. Атап айтқанда Талдықорғанның Панфилов ауданынан бастап, Алматы (Балқаш ауд. басқасы), Жамбыл, Шымкент, Ташкент, Қызылорда облыстарында *қайақ, қайер, бүйер, сөйер, сойақ, барайатыр, келейатыр, бұйақ* болып **й** арқылы айтып отыр. Ал Талдықорғанның Киров, Кербұлақ ауданынан Шығысқа жүрген сайын **й**-дің айтылуы кеміп, **ж**-дан басталады. Сондай-ақ бұл құбылыс Арқа қазақтармен шектескен оңтүстіктің Созақ, Жамбылдың Мойынқұм, Талас, Алматының Балқаш аудандарында **ж** арқылы немесе **ж, й** екеуі де қолданылуы байқалады ” [22, 14].

Т. Талипов пікірінше: “ В уйгурском языке среднеязычный щелевой сонант **й** в абсолютном начале ряда слов чередуется со звонким щипящим спирантом **ж**. Судя по высказываниям ученых, звуковой переход **й//ж** является одним из древнейших

явлений в тюркских языках... Как в литературном произношении представителей различных диалектов, чередование **й//ж** имеет почти постоянный, более или менее регулярный характер только в позиции перед узкими губными и негубными. Например: *йил – жил “год”, йүрәк – жүрәк “сердце”, йумшақ – жумшақ “мягкий”, йуқури – жуқури “вверх” и т.д. ”*

[29, 115;119].

Ғ. Қалиевтың өзінің “Қазақ говорларындағы диалектілік сөз тудыру” атты еңбегінде былай деп жазған:

“ Кеген ауданы “Облатком” колхозының қазақтары Октябрьден кейін Орталық Қазақстаннан көшіп келіп орналасқан. Осыған байланысты олардың сөйлеу тілінде **й** дыбысының орнына **ж** (*қай йаққа, бара йатыр емес, қай баққа бара жатыр*), **ч** дыбысының орнына **ш** (*чым, шығып емес, шым, шығып*) ”

[30, 27].

Нұрмағанбетов Ә. өзінің “Казахский говор на территории Туркменской ССР” атты кітабында:

“ Чередование **ж/й** на стыке двух слов наблюдается обычно между указательными, вопросительными местоимениями *бұл, сол, ол, не? қай?* или деепричастием – с одной стороны и словами *жақ (сторона), жер (место), жатыр* (вспом. глагол, дословно “лежит”), *жол (дорога)* – с другой. Например: *Со йақ (та сторона), не йерден? (откуда), келей атыр (идет) ”*

[24, 5].

Осыған қарағанда **дж** мен **й**-дің алмасып отыруы Қазақстанның барлық өңірлеріне тән құбылыс емес екенін көруге болады. Сөйтіп, тіл алды **ж**-ның жартылай дауысты **й**-мен алмасуы *қай, ол, сол, бұл* сияқты есімдіктерден соң *жақ, жер* сөздері келгенде және көсемше формадағы *бара, келе, әкеле* етістіктері тіркескен жатыр көмекші етістігінің басындағы **ж** дауыссызы **й**-ге айналады. Мысалы, *Мен сенімен сөйлерде табысармын. Жер ортасы қайер екен. Бұйақтың қысы бір жылы қатты болды. Сойағын көп ойладық. Ренкің кімге ұқсап барайатыр. Жолда келайатып бір тауға кезігеді, т.т.*

Қазақ тілінің қалыптасуының нәтижесінде аффрикат **дж** тек жалаң **ж** дыбысына ауысқандығы даусыз мәселе. Мелиоранский П.М. **дж** дыбысына ерекше назар аударады (**ж** фонемасының аффрикаттық варианты). Қазақ тілінде сондай дыбыс бар, Бірақ **ж**-ға қарағанда жеке жазылмайды. Мелиоранский П.М. пікірінше, бұл қос дауыссыз дыбыс. Диалектолог ғалым Ж. Досқараевтің айтуынша, қазақ тілінің кейбір диалектілерінде **ч**-ның **ш**-ға, **дж**-ның **ж**-ға ауысу процесі аяқталып болған жоқ деп бұл дыбыстардың өтпелі кезеңде жүргенін айтады. Қазақ тіліндегі диалектілік ерекшеліктерді зерттеушілердің бірқатары ондағы кездесетін аффрикаттардың көбіне көп қарттардың сөйлеуінде байқалатынын айтады.

Томанов М. былай деп жазған:

“Қазақ тілінің өз топырағына тән екі аффрикат дыбыс бар: **дж, ч**. Алайда бұлар екеуі де говорлар құрамында ғана сақталған **ч** аффрикаты көне түркі жазбаларында өте жиі қолданылған дыбыс ” [4, 68].

Қазақ тіліндегі **дж, ч** аффрикаттарын өзге тілдің әсерінен деуге болмайды. **Дж, ч** аффрикаттарының жайы қазақ тілінің тарихымен байланысты. **Дж, ч** аффрикаттары тек бір ғана қазақ тілінде емес, қыпшақ тобындағы тілдердің көбінде кездеседі. Сондай-ақ бұл аффрикаттар қазақ тілімен тарихи байланысы бар ескі қыпшақ тілінің жазба нұсқаларында да байқалады.

Ж, ц, ч, – үшеуі де аффрикаттар, себебі үшеуі де екі элементтен тұрады: **ж**-да **д** мен **ж**, **ц**-да **т** мен **с**, **ч**-да **т** мен **ш** дыбыстарының элементтері бар. **Ж, ц** мен **ч**-ның ерекшелігі құрамындағы нақты **д**, не **ж**, не **т**, не **с** немесе **ш**-ның естілмеуі, олар бір бірімен жымдасып кеткен сияқты, бір дыбыс секілді айтылады.

“Қазақ грамматикасы” 2002 жылы шыққан еңбекте қазақ тілінде екі ғана аффрикаттық дыбыс бар деп көрсетіледі:

“ Аффрикат **ц, ч** бөліп-жаруға келмейтін, тұтас бір артикуляциямен айтылатын шұғыл – ызың күрделі дыбыс (**ц - тс, ч - тш**). Бұлардың құрамындағы әнтек **т** шұғыл **т** мен **с, ш** дыбыстарының арасын жымдастырып, дәнекер қызмет атқарады. Яғни олардың бір тұтас артикуляциясын, айтылуын қамтамасыз етеді. Сонымен, **тш, тж, тч** немесе **ттш, тс - тц** немесе **ттс**. Бұдан қазақ тілінде де **ч, ц** дыбыстары бар екені көрінеді. Алайда олар морфема ішінде кездеспейді, тек морфема жігінде ғана ұшырайды ” [31, 90].

Ж. Аралбаев:

“ **Дж** аффрикаты **ж** түрінде, **ч** аффрикаты **тш** түрінде беріледі: *жартас (джартас), жалын (джалын), челек (тшелек), чопан (тшопан) т.б. ...*

I. Кеңесбаев қазақ аффрикаттарының артикуляциялық қасиеті мен фонематикалық мәні жайында да белгілі шешімге келген. Ызың **ж** фонемасының варианты ретінде қазақ тілінде аффрикат **дж** дыбысы айтылатыны дұрыс көрсетілген... **Дж, ч, ц** аффрикаттары күрделі артикуляциясы дыбыстар шұғылдық та, ызыңдық та мүшелері болғандығынан не шұғыл, не ызың дәлелдеп айту қиын ” [6, 3;14;69].

Тіліміздегі байырғы сөздер, сондай-ақ, буындар да екі дауыссыздан басталмайды. Ал октябрь революциясынан бергі жерде орыс тілі арқылы енген сөздер екі, тіпті үш дауыссыздан бастала береді. Бұларды осылай жазу және айту - әдеби норма. Мысалы, *стан-ция, про-цент*. С. Мырзабеков тіліміздегі байырғы сөздердің дыбыстық құрамы осы төрт дыбыстан аспайды. Ал орыс тілі арқылы енген сөздерде буын бес, тіпті алты дыбысты да бола алады. Мысалы, бес дыбысты : *скетч, центр, шприц*. Қазақ тілінің дыбыс және буын құрамына орыс тілінің ықпалын ескеру керек. Егер байырғы сөздеріміздің буын құрамы **А, ВА, АВ, АВВ, ВАВ, ВАВВ** түрде ұшыраса, ендігі жерде мұның саны екі есе артты. Тілімізде бес, алты дыбысты буындар да пайда болды. Сөздер мен буындарымыздың екі - үш дауыссыздан басталып, үш дауыссызға аяқталуы етене құбылысқа айналды. Мысалы:

“ **Ц, ч** аффрикаттары бар кірме сөздердің қазақ тіліне ену арқылы буын құрамының өзгеруі: *цейт-нот, ценз, цент-нер, цент-ра-лизм, цикл, цинк, цифр, чарль-стон...*” [32, 710;711].

Тіліміздің дыбыстық құрамы *и, у* дауыстылары мен *в, ф, х, ц, ч* сияқты дауыссыздармен толысты. Бір фонеманың өзін ретіне қарай әр түрлі реңде айтуға қалыптастық. Мұның өзі артикуляциялық базамыздың байып, барынша оралымды,

икемді болуына жағдай жасады деп жазған ғалым “Қазақ тілінің фонетикасында”.

Дыбыстар, дыбыстардың жіктелісі қазақ тілінің фонетика саласында қарастырылатын мәселелер болғандықтан, аффрикаттар да *диссимиляция*, *редукция* мен *диэреза* сияқты әр түрлі фонетикалық процестерге қатысады.

Мысалы, Аханов К. пікірінше:

“ Түрік тілінде **ж (дж)**, **ч** аффрикаттарының шұғыл (смычные), элементтерінің (*д* мен *т*) белгілі бір фонетикалық жағдайларда жойылып, соның нәтижесінде бұл аффрикаттардың шұғыл ызыңдардың тобынан тек ызың дыбыстарға (*ж*, *ш*) айналуы диссимиляция құбылысына жатқызылып жүр. Мысалы: 1) дыбыстардың диссимиляцияға ұшырауы: **ч** *гестек* (гешмек), *какти* (қашты), *искуп* (ұшқұн) және тағы басқа. 2) **ж (дж)** дыбысының ассимиляцияға ұшырауы: *есдат* (әждат), “арғы тегі, ата тегі” (“предки, прадеды”), *теcdit* (тәждит), “жаңалау, жаңарту” (“обновление”), *echas* (эжнас), “тұқым” (“порода”), “сорт” және тағы басқа ” [7, 256].

Сонда аффрикаттық дыбыстардың *диссимиляция* процесінің өзіне қатысып тұрғанын көруге болады.

Дауыстылардың ішінде редукцияланатын дыбыстар көбінесе қысаң дауыстылар. К. Ахановтың “Тіл білімінің негіздері” атты еңбегінде осыған байланысты осындай мысал келтіріледі:

“ Мысалы, өзбек тілінде екпінсіз буындағы қысаң дауысты, екпін түскен буындағы дауыстыға қарағанда, редукцияланып

көмескі айтылады: *киши киши (кісі), пишиқ пишиқ (пысық), қизил қизил (қызыл), хина хина (қына), қилич қилич (қылыш), биринчи биринчи (бірінші)* тағы басқа ” [7, 257].

Осыдан біз аффрикаттардың да *редукция* процесіне қатысы бар екенін көреміз.

Аффрикаттық дыбыстар сонымен бірге тағы бір фонетикалық процеске, *диэрезаға* қатысатының көреміз. Аханов К. пікірінше, *диэреза* ассимиляцияның негізінде де болуы мүмкін. Мысалы, орыс тіліндегі *чт, чн* дыбыс тіркестері сөйлеуінде *шт, шн* түрде айтылады: *что (што), скучно (скушно)*. Мұнда екі жабысыңқы (смычные), дыбыстың (*ч* мен *т*) қатарласпауы үшін дыбысы фриктивті *ш* дыбысы болып айтылады.

Аффрикаттардың қазақ тілі сөздіктерінде орналасуын қарастырып көрейік.

1996 жылы шыққан “Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігінің” II-ші томында **дж** аффрикатына басталатын екі сөз ғана берілген:

“ *Джәңәлік – жаңалық, джәрәйді – жарайды, мақұл* ” [33, 169].

Ц мен **ч** әріптерінің орналасуын көруге мүмкіндік жоқ, өйткені бұл сөздіктің II-томы ғана қолда бар. **Ч** әрпі диалектизмдерде бар екені жоғарыда диалектолог ғалымдарының еңбектерін қарастыруынан байқауға болады, сондықтан бұл фонемадан басталатын сөздер кездеспеуі мүмкін емес. Бірақ **ц** дыбысынан басталатын сөздер сөздікте жоқ деп ойлаймын. Өйткені **ц** дыбысы диалектизмдерде кездеспейді, бұл фонема орыс тілінен енген сөздерде ғана кездеседі.

Дж аффрикаты жазуда және әдеби тілде **ж**-мен таңбалатындықтан, **ж** дыбысынан басталатын сөздерді қарастырып көрелік.

2005 жылы шыққан “Қазақ тілінің аймақтық сөздігінде” **ж** дыбысынан басталатын 700-ге жуық сөздер мен сөз тіркестері 219-ші беттен 283-ші бетке дейін берілген:

“ Жа, жаб, жаба, жабазы, жабай, жабайта, жабайынша, жабан, жабан дала, жабаса беру, жабасақ, жабасалма, жабдан, жабдық, жаблық, жаблік, жабулау, жабы, жабық, жабылғы, жабын, жабынтақ, жабыр, жабысқақ, жабыттау, жабасал, жағалаң, жағалдану, жаған, жағаттау, жағдаят, жағу, жағыш, жада, жады ағаш, жадыбас, жадыгер, жадыкеш, жадылау...” [34, 219;283].

Сөздікте **ч** аффрикатынан басталатын 714-ші беттен 722-ші бетке дейін 274 сөздер мен сөз тіркестері берілген:

“ Чабақ, чабан-чағалай адам, чабық, чабықтау, чабына от түскендей болу, чабыс, чағу, чағыл, чағылдақ, чағылу, чағыр, чағырмақ, чадыра, чажағай, чажамай, чай ас, чайла, чайлау, чайлану, чайпалу, чай чөп, чайыр, чақ, чақ-чұқ, чақа, чақай, чақалақ, чақпағын чағу, чақтысы, чақ-чөлекей болу, чақы, чақылдақ, чал жейде, чал-чабыр, чалаң, чалаңдату, чалай, чалғынчы, чалғыш, чалдауыт, чалжима...” [34, 714;722].

Ц қазақ тілінің төл сөздерінде кездеспейтіндіктен, **ц** аффрикатынан басталатын сөздер берілмеген.

1999 жылы шыққан “Қазақ тілінің сөздігінде” **ж** дыбысына басталатын сөздер 187-ші беттен бастап 267-ші бетке дейін орналасқан:

“ Жаба, жабағы, жабағылан, жабағылау, жабағылы, жабағылық, жабағыша, жабазы, жабай, жабайылан,

жабайылау, жабайылық, жабан, жабасақ, жаба-салма, жаббар, жабдан, жабды, жабдық, жабдық-жарақ, жабдықта, жабу, жабула, жабулы, жабусыз, жабы, жабығы, жабығылық, жабығыңқы, жабық, жабыл, жабынды, жабындық, жабырқа, жабырқағыш, жабырқаңқы, жабырқаулық, жабысқақ, жаға, жағажай..." [32, 187;267].

Ц аффрикатына басталатын 38 сөз берілген:

" Цейтнот, целлофан, цемент, цементте, цементті, ценз, цензор, цензура, цент, центнер, центнерле, централизм, центризм, центрист, цех, циан, цивилизация, цивилизациялан, цикл, циклон, циклотрон, цилиндр, цинк, цинкография, цирк, циркуль, циркуляция, цистерна, цитата, цитолог, цитология, цитоплазма, цитра, цитрус, циферблат, цифр, цифрла, цыган "

[32, 710].

Ч аффрикатына басталатын 11 сөз берілген:

" Частушка, чек, чемпион, чемпионат, черепица, чертеж, чех, чечен, чиновник, чуваш, чукша "

[32, 710;711].

1988 жылы шыққан "Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде" **ж** фонемасынан басталатын сөздер 117-ші беттен 149-шы бетке дейін берілген, **дж** аффрикатынан басталатын сөздер жоқ.

Ц аффрикатынан басталатын 48 сөз берілген:

" Цейтнот, целлон, целлофан, целлулоид, целлюлоза, цемент, ценз, цензор, цензура, цент, центр, центрифуга "

[35, 368].

Ч аффрикатынан басталатын 24 сөз берілген:

" Чарльстон, чартизм, чартист, частушка, чек, чекист, чекистік, челюскинші, чемодан, чемпион, чемпиондық,

чемпионат, черкес, чертеж, честь, чесуча, чех, чечен, чечетка, чиновник, чиновниктік, чуваш, чукот, чукча” [35, 368].

2001 жылы шыққан “Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде” **ж** фонемасынан басталатын сөздер 132-ші беттен бастап 170-ші бетке дейін 4000 жуық сөз берілген:

“ Жаба, жабағы, жабағылану, жабағылы, жабағылық, жабағыша, жабайы, жабайыландыру, жабайылану, жабайылық, жаба – салма, жаббар, жабдану, жабдық, жабдықтау, жабдыктану, жабдыктату, жабдықтау, жабдықты, жабу, жабулану, жабулату, жабулау, жабулы, жабусыз, жабы, жабығу, жабығушылық, жабыдай, жабық, жабықтыру, жабылу, жабын, жабынды, жабындық, жабыныш, жабыңқы, жабырқану, жабырқаңқы, жабырқаңқылық...” [36, 132;170].

Ц аффрикатынан басталатын 42 сөз берілген:

“ Цейтнот, целлон, целлофан, целлулоид, целлюлоза, цемент, цементтелу, цементтету, цементтеу, цементті, ценз, цензор, цензорлық, цензура, цензуралық, цент, центнер, центризм, центрист, центрифуга, цех, циан, цианды, цикл, циклдік, циклон, цилиндр, цилиндрлік, цирк, циркуль, циркуляр, циркуляция, цистерна, цитология, цитологиялық, цитоплазма, цитрамон, цитрат, цитрус, циферблат, цифр, цифрлы ” [36, 422].

Ч аффрикатынан басталатын 17 сөз берілген:

“ Чарльстон, чартизм, чартист, частушка, чек, чекист, чекистік, чемпион, чемпиондық, чемпионат, черкес, чесуча, чех, чечетка, чуваш, чукот, чукча ” [36, 422].

2004 жылы “Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігінде” **ж** фонемасынан басталатын сөздер 246-шы беттен 314-ші бетке дейін берілген, **ш** дыбысынан басталатын сөздер 719-шы беттен 766-шы бетке дейін берілген. Бірақ **дж, ц, ч** аффрикаттарына басталатын сөздер берілмеген. Мұнда 32 дыбыстан басталатын сөздер ғана берілген: *А, Ә, Б, В, Г, Ғ, Д, Е, Ж, З, И, К, Қ, Л, М, Н, О, Ө, П, Р, С, Т, У, Ұ, Ү, Ф, Х, Ш, Ы, І, Э, Я.*

1986 жылы шыққан “Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде” **ж** аффрикатынан басталатын сөздер 3-ші томда 477-ші беттен бастап 735-ші бетке дейін, 4-ші томда 5-ші беттен бастап 344-ші бетке дейін берілген.

Ж фонемасына сөздіктің 477-ші бетінде мынадай анықтама беріледі:

“ **Ж** зат. грам. 1. Қазақ алфавитінің дауыссыз дыбысты білдіретін сегізінші әрпі. 2. Тіл алды ызың (фрикатив) дауыссыз дыбыстың таңбасы ” [38, III, 477].

Сөздікте **ж** фонемасына басталатын мынадай сөздер берілген:

“ Жа, жаба, жабағы, жабағыдай, жабағылан, жабағылану, жабағылау, жабағылы, жабағылық, жабағыша, жабайы, жабайылан, жабайыландыр, жабайыландыру, жабайылану, жабайылау, жабайылық, жаба – салма, жабау, жабаура, жаббар, жабдан, жабды, жабдық, жабдық – жарақ, жабдықсыз, жабдықта, жабдықтал, жабдықталу, жабдықтан, жабдықтандыр... ”

[38, III-IV, 477].

Ц аффрикатына “Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде” мынадай анықтама беріледі:

“ **Ц** зат. 1. Тіл ұшы үстіңгі күрек тіске барып, соқтығудан жасалатын дауыссыз дыбыс. 2. Қазақ алфавитіндегі тіл алды, қатаң, аффрикат дауыссыз дыбысты белгілейтін әріп ” [38, X, 67].

Ц аффрикатына басталатын сөздер 10-шы томның 67-ші – 71-ші беттерінде берілген, барлығы 61 сөз берілген:

“ Царизм, цейтнот, целлофан, целлулоид, целлюлоза, цемент, цементте, цементтел, цементтелу, цементтет, цементтету, цементтеу, цементті, ценз, цензор, цензура, цент, центнер, центнерле, центнерлеу, централизм, центризм, центрист, центрифуга, церемониал, церемония, церий, цех, циан, цивилизация ” [38, X, 67;71].

Ч аффрикатына “Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде” мынадай анықтама беріледі:

“ **Ч** зат. 1. Тістің қызыл етіне тіл ұшының келіп тиюінен жасалатын тіл ұшы дыбысы. 2. Қазақ алфавитіндегі тіл алды, қатаң, аффрикат дауыссыз дыбысты белгілейтін әріп ” [38, X, 72].

Ч аффрикатына басталатын сөздер 72-ші беттен 73-ші бетке дейін берілген, жалпы 19 сөз берілген:

“ Чардаш, чартизм, чартист, частушка, чек, чека, чекист, чемодан, чемпион, чемпионат, чемпиондық, черепаха, чертеж, честь, чех, чечен, чиновник, чуваш, чукча ” [38, X, 72;73].

“Қазақ тілінің сөздігі” мен “Қазақ тілінің аймақтық сөздігін” алып аффрикаттық қызметтегі дыбыстардың, яғни **ж**, **ц**, **ч** дыбыстарының сөз шенінде орналасуын қарастырып көрейік. “Қазақ тілінің сөздігіне” әдеби тілімізде қолданылатын

сөздер енгеннен кейін бұл сөздердегі аффрикаттардың әдеби тілде және ауызекі сөйлеуімізде қолданылуын байқайық.

Бірінші **дж** аффрикатын қарастырып көрейік. **Дж** аффрикаты әдеби тілде **ж** әрпімен таңбалатындығын жоғарыда айтып кетілді, сондықтан **ж** әрпінен басталатын сөздерді қарастырамыз:

“ Жағала - джағала, жағалтай - джағалтай, жағалық - джағалық, жағдай - джағдай, жағдайсыз - джағдайсыз, жағулы - джағулы, жағыз - джағыз, жағымды - джағымды, жағымпаз - джағымпаз, жағымсыздық - джағымсыздық, жағын - джағын, жада - джада, жадағай - джадағай, жадаулау - джадаулау, жаду - джаду, жаднама - джаднама, жадуал - джадуал, жадыбас - джадыбас, жадыла - джадыла, жадыра - джадыра, жаз - джаз, жазасыз - джазасыз, жазғыш - джазғыш, жаздағыша - джаздағыша, жаздай - джаздай, жаздыгүні - джаздыгүні, жазира - джазира, жазмыш - джазмыш, жазу - джазу, жазыда - джазыда, жазықсыз - джазықсыз, жазықтық - джазықтық, жазыл - джазыл, жазымпаз - джазымпаз, жазыңқы - джазыңқы, жазыңқыра - джазыңқыра, жай - джай, жайбарақат - джайбарақат, жайдақ - джайдақ, жайдарман - джайдарман...” [32, 187;267].

Берілген мысалдардан байқағанымыз **дж** сөздің басында өзінің аффрикаттығын сақтап қалады, бірақ **дж** деп біз тек қана ауызекі сөйлеуімізде қолданамыз, ал әдеби тілде **ж** деп айтамыз да, сөзді жазуда **ж** әрпімен таңбалаймыз.

Мысалы:

“ Абжад - абжад, абжылан - абжылан, абжыландай - абжыландай, ағажан - ағажан, ажа - ажа, ажал - ажал, ажар -

ажар, ажуа - ажуа, ажырағысыз - ажырағысыз, атжалман - атжалман, әже - әже, әжік - әжік, әжім - әжім, бажыхана - бажыхана, бажылдақ - бажылдақ, бажылдауық - бажылдауық, бажырай - бажырай, бақажапырақ - бақажапырақ, балажан - балажан, балажандылық - балажандылық, гүжіл - гүжіл, ғажайып - ғажайып, дөнежін - дөнежін, мажыра - мажыра..." [32, 11;761].

Осы мысалдардан байқағанымыз сөздің ортасында **дж** өзінің аффрикаттық қасиетін жоғалтады да айтылуда және таңбалауда **ж** әрпі қолданылады. Бірақ аффрикат **дж** сөз ортасында үнді дауыссыз дыбыстардан кейін келеді екен.

Мысалы:

" Әлжуаз - әлджуаз, балжыра - балджыра, ыржалақ - ырджалақ, ыржалаң - ырджалаң, ыржаң - ырджаң, ыржаңшыл - ырджаңшыл, ыржи - ырджи ..." [32, 11;761].

Сөз басында **ц** аффрикаты *тс*-мен айтылады, жазуда **ц**-мен таңбаланады, яғни **ц** өзінің аффрикаттық қасиетін сөздің басында сақтап қалады. Мысалы:

" Цейтнот - тсейтнот, целлофан - тселлофан, цемент - тсемент, цементте - тсементте, цементті - тсементті, ценз - тсенз, цензор - тсензор, цензура - тсензура, цент - тсент, центнер - тсентнер, центнерле - тсентнерле, централизм - тсентрализм, центризм - тсентризм, центрист - тсентрист, цех - тсех, циан - тсиан, цивилизация - тсивилизация, цивилизациялан - тсивилизациялан, цикл - тцикл, циклон - тциклон, циклотрон - тциклотрон, цилиндр - тсилиндр, цинк - тсинк, цинкография - тсинкография, цирк - тсирк, циркуль - тсиркуль, циркуляция - тсиркуляция, цистерна - тсистерна, цитата - тситата, цитолог - тситолог, цитология - тситология, цитоплазма - тситоплазма, цитра - тситра, цитрус - тситрус,

циферблат - тциферблат, цифр - тцифр, цифрла - тцифрла, цыган - тсыган..." [32, 710].

Сөз ортасында дауысты дыбыстардан кейін тұрған **ц** өзінің аффрикаттығынан айырылмайды, айтылуда тс-мен айтылады. Мысалы:

"Аттестация - аттестатсия, ацетилен - атсетилен, бруцеллез - брутселлез, вибрация - вибратсия, вулканизация - вулканизатсия, гальванизация - гальванизатсия, дегустация - дегустатсия, демонстрация - демонстратсия, дефицит - дефитсит, дециграмм - детсиграмм, дефляция - дефлятсия, деформация - деформатсия, децима - детсима, дециметр - детсиметр, дискриминация - дискриминатсия, иммунизация - иммунизатсия, инкубация - инкубатсия, интернационал - итернатсионал, интонация - интонатсия, инфляция - инфлятсия..." [32, 54;706].

Бірақ дауыссыз дыбыстардан кейін тұрған **ц** өз аффрикаттығын жоғалтады да, айтылуда с-мен алмасады, жазуда **ц**-мен таңбаланады. Мысалы:

"Аттракцион - аттраксион, атцетон - атсетон, , вакцина - ваксина, вальцовка - вальсовка, дедукция - дедуксия, дезинфекция - дезинфексия, децима - детсима, дивакцина - деваксина, дикция - диксия, дифракция - дифраксия, инспекция - инспексия, инстанция - инстансия, концерт - консерт, функция - функсия..." [32, 54;706].

Ч аффрикаты өзінің аффрикаттық қызметін сөздің басында сақтап қалады, айтылуда тш-мен айтылады да, жазуда **ч**-мен таңбаланады. Мысалы:

"Частушка - тшастушка, чек - тшек, чемпион - тшемпиион, чемпионат - тшемпиионат, черевица - тшеревица, чертеж -

тшертеж, чех - тшех, чечен - тшечен, чиновник - тшиновник, чуваш - тшуваш, чукша - тшукша...

[32, 710;711].

Әдеби тілдегі **ч** сөздің ортасында өзінің қос қызметтілігінен айырылады. Айтылуда да, жазылуда да **ч** фонемасы қолданылады. Мысалы:

“ Анчар - анчар, виолончель - виолончель, диспетчер - дипетчер, картель - картель, каучук - каучук, печенье - печенье, почта - почта, почташы - почташы, рычаг - рычаг, скетч - скетч, счетчик - счетчик, чечен - чечен, учаске - учаске...” [32, 39;677].

“Қазақ тілінің аймақтық сөздігіне” әр аймақтарда қолданылатын сөздер енгеннен кейін аффрикаттардың говорларда қолданылуын байқап көрейік.

Мысалы:

“ Жадылы - джадылы, жадыра - джадыра, жазаба - джазаба, жазам - джазам, жазаң - джазаң, жазбалы - джазбалы, жазғылық - джазғылық, жаздау - джаздау, жазды - джазды, жаздық - джаздық, жазира - джазира, жазмыш - джазмыш, жазтұрым - джазтұрым, жазу - джазу, жазуыр - джазуыр, жазылмыш - джазылмыш, жазылы - джазылы, жазып құю - джазып құю, жазысы жоғары - джазысы джоғары, жай - джай, жайбағыс - джайбағыс, жайбар - джайбар, жайбат - джайбат, жайғау - джайғау, жайғастыру - джайғастыру, жайдақ ер - джайдақ ер, жайдақ қора - джайдақ қора, жайдақ от - джайдақ от, жайдар - джайдар, жайқар - джайқар, жайқардай - джайқардай, жайқарысу - джайқарысу, жайқын - джайқын, жайлақ - джайлақ, жайлау - джайлау, жайма -

джайма, жаймақы - джаймақы, жайналу - джайналу, жайпан - джайпан, жайт - джайт..."

[34, 219;283].

Говорларда да **дж** аффрикатының сөз басында өз қасиетін сақтап қалғанын байқадық. Кейбір аймақтарда сөз басында айтылуда **дж** деп айтылады. Сөз ортасында кездескенде **дж**-ның қосар қызметі сақталмайды. Жазылуда да, айтылуда да **ж** қолданылады. Мысалы:

" Кежеуіл - кежеуіл, кежім - кежім, кежір - кежір, кеждену - кеждену, кеждік - кеждік, кежегелеу - кежегелеу, кежек - кежек, кежекдар - кежекдар, кеженей - кеженей, кежену - кежену, кежесінде - кежесінде, мажал - мажал, мажар - мажар, мажаурау - мажаурау, мажуси - мажуси, мажыра - мажыра, мажырасу - мажырасу, мажырасын болу - мажырасын болу, шыбжық - шыбжық, шыжбақай - шыжбақай, шыжбыңдау - шыжбыңдау, шыжым - шыжым, шыжымдап - шыжымдап, ылажықсыз - ылажықсыз..." [34, 14;784].

Бірақ сөз ортасында *л, н* үнді дауыссыз дыбыстардан кейін **дж** өзінің қос қызметтілігін сақтап қалады. Айтылуда кей аймақтарда **дж** деп айтылады.

Мысалы:

" Әбіржушілік - әбірджушілік, әнжі - әнджі, әнжімә - әнджімә, чыралжын - чыралджын, шанжа - шанджа, шұбалжаң - шұбалджаң, ылжырау - ылджырау..." [34, 14;784].

Ч аффрикаты говорларда көбіне **ш** фонемасымен алмасады, яғни кей аймақтарда **ш**-ны қолданудың орнына **ч**-ны қолданады. Кей сөздерде тек қана **ч** қолданылады. Бұл көрші

жатқан халықтардың тілдерінің әсері, сонымен бірге тілімізде **ч** бұрыннан келе жатқан дыбыс деп айтуға тұра келеді. Сөз басында **ч** аффрикаты өзінің қос қызметтілігін сақтап қалады. Айтылуда *тш* деп айтылады. Мысалы:

“ Чалка - тшалка, чалқар түс - тшалқар түс, чалша - тшалша, чалым беру - тшалым беру, чамалдап - тшамалдап, чамалдау - тшамалдау, чамғыр - тшамғыр, чаңбыр - тшаңбыр, чамылу - тшамылу, чанақ - тшанақ, чанаш - тшанаш, чанда - тшанда, чандағай - чандағай - тшандағай - тшандағай, чанжа - тшанжа, чанзы - тшанзы, чантақ - тшантақ, чану - тшану, чаңбақ - тшаңбақ, чаңбыр - тшаңбыр, чаңғырақ - тшаңғырақ, чанчазы - тшанчазы, чаңтас - тшаңтас, чап айыл - тшап айыл, чапкүл - тшапкүл, чапқы - тшапқы, чапталау - тшапталау, чаптыру - тшаптыру, чапчақ - тшапчақ... ”

[34, 714;722].

Говорларда **ч** өзінің қос қызметтілігін сөз ортасында да сақтап қалады. Айтылуда сөз ортасында *тш* деп айтылады. Мысалы:

“ Сүчжік бұрыш - сүтшжік бұрыш, айткелінчек - айткелінтшек, айылчы - айылтшы, ақчам - ақтшам, алчек - алтшек, алчы омпа - алтшы омпа, ачар - атшар, ачы - атшы, әчкір - әтшкір, әчі - әтші, күлчін - күлтшін, қалчы - қалтшы, қарчыға - қартшыға, құчыр - құтшыр, қырчаңқы - қыртшаңқы, қырчылу - қыртшылу, қыстақчы - қыстақтшы, оч - оч - ой - отш - отш - ой, чімчуір - чімтшуір, ічкім - ітшкім, ічтеме - ітштеме, таңылчақ - таңылтшақ, тергулікчі - тергуліктші... ” [34, 623;663].

Ц аффрикаты тілімізде кірме сөздерде ғана кездесетіндіктен, бұл сөздікке енген жоқ.

Аффрикаттық қызметтегі дыбыстардың осындай ерекшелігіне қарап, қазақ тілінде 25 дауыссыз дыбыс емес 27 дауыссыз бар деп неге айтпасқа.

Сонымен, қазақ тілінде үш аффрикат дыбыс бар. Олар **дж**, **ц** және **ч**.

Дж мен **ч** аффрикаттары қазақ тілінде бұрыннан бар, тарихи жазба нұсқалар осыған дәлел бола алады. Қазіргі кезде бұл аффрикаттардың Қазақстанның кейбір аймақтарында қолданылуы бұрын ата-бабаларымыздың осы фонемаларды сөйлеулерінде пайдаланғанның айғағы. Қазіргі кезде бұл дыбыстар әдеби тілде кездеспей, тек говорларда ғана кездеседі. 1940 жылға дейін қазақ тілінде **ч** әрпінің таңбалауы болған жоқ, тек қазақ жазуы орыс графикасына көшкеннен кейін **ч**-ң таңбалауы пайда болды. **Ц** мен **ч** аффрикаттары әдеби тілде тек қана орыс тілі арқылы енген сөздерде ғана кездеседі.

ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІМ

Магистрлік жұмыстың бірінші бөлімінде жұмыстың негізгі мақсаттары мен міндеттері айтылады. Жұмыстың негізгі мақсаты қазақ тілі дауыссыз дыбыстарының қосар қызметін анықтау болып табылады да, негізгі міндетіне дыбыс түрлерінің сандық қызметін анықтау, дауыссыз дыбыс жүйесінің тарихи ерекшелігін айқындау жатады. Жинақтау, сұрыптау, талдау, сұрақ-жауап, түсіндіру әдіс-тәсілдері жұмысты жазу барысында қолданылатыны жазылады.

Негізгі бөлімде XX ғасырдың басындағы қазақ жеріндегі болған оқиғаларға байланысты, көрші жатқан елдердің халықтарының тілдерінен, сонымен бірге орыс тілінен жаңа сөздердің енуіне байланысты қазақ алфавитіне жаңа фонемалардың енуі, қазақ тілінің кириллицаны қабылдауы, қазақ тілінің дыбыстық құрамының өзгеру мәселелері көтеріледі. Қазақ тіліндегі дыбыстардың жіктелісі, қазақ тілінің дыбыстық құрам төңіріндегі фонетик ғалымдарының пікірлері беріледі.

Қ. Жұбанов, К. Аханов, С. Мырзабековтың дифтонг немесе дифтонгойдтар жайлы пікірлері келтіріледі. К. Ахановтың дифтонгтардың түрлерін бөлуі жазылады. С. Мырзабековтың қазақ тіліндегі дауысты дыбыстарды жіктеу төңірігіндегі пікір-талас туралы айтады. Ғалымның пікірінше *и* мен *у* тек қана кірме сөздерде дыбыс бола алады, әйтпесе байырғы сөздерде *и*, *у* қосынды дыбыстардың таңбасы. Қ. Жұбановтың қазақ тіліндегі *и* мен *у* дыбыстарының қосар қызметі жөнінде мақаласы беріледі. Дифтонгойдтардың қызметі ашылады.

Орыс ғалымдарының еңбектерінен А.А. Реформатский, Л.Р. Зиндер, В.А. Виноградов сияқты орыс ғалымдарының еңбектері қарастырылады. Ғалымдардың еңбектерін қарастыру барысында орыс тілінде **ц, ч** аффрикаттары бар екенін байқаймыз. Бұл дыбыстар екі дауыссыз дыбыстың қосындысынан тұратынын көреміз. Мысалы, **ц** - *т – с*, *д – з*, ал **ч** - *т – ш*, *д – ж*. Сонымен бірге аффрикаттық дыбыстардың жасалуы, айтылуы, сөздердегі орналасу тәртібі беріледі.

Дауыссыз дыбыстар жүйесінің тарихи ерекшелігін айқындау мақсатымен ХІХ ғасырдың ортасынан бастап қазақ тілін зерттеуіне үлес қосқан В.В. Радлов, С.Е. Малов, П.М. Мелиоранский сияқты түрколог ғалымдарының еңбектері қарастырылады. П.М. Мелиоранский, В.В. Радлов, С.Е. Малов қазақ тілі дыбыстарын қалай классификациялап, қандай пікірлер айтқаны беріледі. Тарихи тұрғыдан дыбыстардың жіктелісі туралы М. Томанов ғалымның пікірі келтіріледі. Сонда қазақ тілі тарихына көңіл аударатын болсақ, қазақ тілінде бұрын **дж, ч** дыбыстары болғанын байқаймыз. Өйткені түрколог ғалымдардың дыбыс жіктелісіне, берілген мысалдарына назар аударатын болсақ, бұл дыбыстарды ата-бабаларымыз бұрын сөйлеуінде қолданғанын көреміз.

Қазіргі қазақ тілін зерттеген С. Мырзабеков, Ж. Аралбаев, І. Кеңесбаев ғалымдарының еңбектерін байқайтын болсақ, әдеби тілде кездесетін **ц, ч** аффрикаттары кірме дыбыстар екенін байқаймыз. Ғалымдардың пікірінше, **ц, ч** аффрикаттары қазақ тіліне орыс тілінен енген сөздерде ғана кездеседі. І. Кеңесбаев пен Ж. Аралбаевтың еңбектерінде аффрикаттардың саны үшеу. Олар: **дж, ц, ч**. Ал С. Мырзабековтың еңбегінде **ц, ч** аффрикаттары ғана берілген. Сонымен аффрикаттардың жасалуы, айтылуы, сөздердегі орналасуы және қандай сөздерде кездесетіні берілген. **Дж ж**-мен алмасып отырады, ал **ц т** мен *с*-ның қосындысынан тұратын дыбыс, **ч т** мен *ш*-ның қосындысынан тұратын дыбыс деп жазылған.

Ғалымдардың пікірінше, орыс тілінен қазақ тіліне кірме сөздердің енуі буын құрамына ықпал етті. Егер қазақтың төл сөздерімізде екі дауыссыздан

басталатын буын болмаса, орыс тілінен енген сөздер мен дыбыстардың арқасында екі, үш дауыссыздан басталатын буындар пайда болды. Диалектология саласынан С. Омарбеков, Ә. Нұрмағанбетов, Ш. Сарыбаев сияқты ғалымдарының еңбектері қарастырылды. Ғалымдар **ч**, **дж** аффрикаттарының Қазақстанның белгілі бір аймақтарында қолданылатынын айтады. Диалектолог ғалымдардың еңбектерінде тарихи жазба ескерткіштерінен үзінділер беріледі. Бұл өлеңдер шұмағынан **дж**, **ч** аффрикаттарын байқаймыз. Бұрын түркі тайпаларының тілінде **дж**, **ч** дыбыстары болғанын көреміз. **Ч** дыбысы **ш**-мен алмасады, **дж** **ж**-мен алмасады. Бұл дыбыстардың белгілі аймақтарда қолданылуы көрші жатқан елдер тілдерінің: өзбек, қырғыз, ұйғыр, қарақалпақ, түрікпен тілдерінің әсері, көне жазба ескерткіштерінен бұрын **ч** дыбысының қазақ тілінде болғанын, бірақ **ш** әрпінің оны ығыстырып тастағанын көреміз.

Аффрикаттық қызметтегі дыбыстардың *диссимилиция, диэреза, редукция* сияқты фонетикалық процестерге араласуы жөнінде айтылады.

Аффрикаттардың қазақ тілі сөздіктерінде орналасуын көргенде, “Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігінде” **дж** аффрикатынан басталатын екі сөз ғана кездеседі. II-ші томы ғана шыққандықтан, **ч** мен **ц** әріптерінің орналасуын көруге мүмкіндік жоқ, бірақ бұл сөздікте **ч**-ның орналасуы бар да, **ц**-ның орналасуы кездеспейді деп ойлаймын. Өйткені жоғарыда диалектологияға байланысты қаншама еңбектер қарастырылды, бірақ **ц** аффрикаты ешбір диалектизмдерде, дыбыс жіктелісінде, фонетикалық ерекшеліктерде кездескен емес. “Қазақ тілінің аймақтық сөздігінде” **ч** аффрикатынан басталатын 274 сөз берілген, ал **ж** фонемасына басталатын 700-ге жуық сөз берілген. **Ж** фонемасынан басталатын сөздерді қарастырған себебіміз, өйткені **дж** аффрикатынан басталатын сөздер әдеби тілде және жазуда **ж** фонемасымен таңбаланады. **Ц** фонемасынан басталатын сөздер берілмеген. “Қазақ тілі сөздігінде” **дж** аффрикатынан басталатын сөздер берілмеген, сондықтан **ж** фонемасынан басталатын сөздер қарастырылды. **Ж** фонемасынан

басталатын сөздер 187-ші бастап 267-ші бетке дейін берілген. Ал **ц**-дан басталатын 38 сөз, ал **ч** әрпінен басталатын 11 сөз берілген. 1988 жылы шыққан “Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде” **дж** аффрикатынан басталатын сөздер жоқ та, ал **ц** аффрикатынан басталатын 48 сөз берілген, ал **ч**-дан басталатын 24 сөз берілген. 2001 жылы шыққан

“Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде” **ж** фонемасынан басталатын сөздер 132-ші беттен бастап 170-ші бетке дейін берілген. **Ц** аффрикатынан басталатын 42 сөз, ал **ч** аффрикатынан басталатын 17 сөз берілген.

“Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігінде” не **дж**, не **ц**, не **ч** аффрикаттық дыбыстардан басталатын сөздер берілмеген.

“Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде” **ж**, **ц**, **ч** аффрикаттарына ереже беріледі. **Ж** фонемасына басталатын сөздер III томның 477-ші – 735-ші беттерінде берілген, IV томның 5-ші – 344-ші беттерінде берілген. **Ц** аффрикатына басталатын 61 сөз, ал **ч** аффрикатына басталатын 19 сөз берілген.

Аффрикаттардың сөз шенінде орналасуы беріледі. Мысалы, әдеби тілде және говорларда сөздің басында **ж** аффрикаты өзінің қызметін сақтап қалады, яғни **дж** деп айтылады. Ал сөздің ортасында аффрикаттық қызметін тек үнді дауыссыз дыбыстардан кейін ғана сақтап қалады. **Ц** аффрикаты сөздің басында да, сөздің ортасында да өзінің аффрикатығын сақтап қалады, яғни *тс* болып айтылады, тек қана дауыссыз дыбыстардан кейін, әсіресе үнді дауыссыздардан кейін **ц** дыбысы **с** дыбысымен алмасады. **Ч** аффрикаты әдеби тілде және говорларда сөздің басында өзінің қос қызметтілігін сақтап қалады да, *тш* болып айтылады. Бірақ әдеби тілде сөздің ортасында бұл қасиетінен айырылып қалады.

Сонымен қазақ тілінде үш аффрикаттық қызметтегі дыбыс бар. Соның ішінде **дж**, **ч** аффрикаттары әдеби тілде кездеспей, тек қана говорларда кездеседі. Белгілі бір аймақтарда қолданылатын **ч ш**-ның орнына жүреді. Әдеби тілде қолданылатын **ч** тек қана кірме сөздерде кездеседі. **Ц** аффрикаты да орыс тілінен енген сөздерде ғана кездеседі. Аффрикаттық қызметтегі дыбыстардың

қазақ тілі дыбыс жүйесіне енуіне байланысты тілімізге жаңа сөздер еніп, сонымен бірге сөйлеуімізде қолданылуының себебінен, қазақ тілі сөздік қорының баюына ықпал етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Сарыбаев Ш. Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1963. – 17;18 бет.
2. Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий, I-том, I часть, II часть. III-том, I часть. IV-том, I часть, II часть. Санкт-Петербург: “Императорская Академия Наук”, 1893. – 8;278;398;1829;1830;6;190 бет.
3. Малов С.Е. Язык желтых уйгуров. Алма-ата: “Академия Наук Казахской ССР”, 1957. – 11;31138;160 бет.
4. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Алматы: “Мектеп”, 1988. – 35;41;68 бет.
5. Мырзабеков С. Қазақ тілінің фонетикасы. Алматы: “Қазақ Университеті”, 1993. – 44;46;126 бет.
6. Аралбаев Ж. Қазақ тілі фонетикасы бойынша этюдтер. Алма-ата: “Ғылым”, 1988. – 3;12;14;19;54;57;68;69бет.
7. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы: “Санат”, 2003. – 232;233 бет.

8. Сәдуақас Н.Ә. Профессор Құдайбергенов Жұбанов еңбектеріндегі қазақ тілі дыбыстары жіктелімінің фонологиялық негіздері. Алматы: “Қазақстан Республикасы”, 1999. – 13;15;16 бет.
9. Русский язык (энциклопедия). Москва: “Советская энциклопедия”, 1979. – 27;86; бет.
10. Современный русский язык. Москва: “Высшая школа”, 1981. – 40;41 бет.
11. Реформатский А.А. Введение в языковедение. Москва: “Аспект Пресс”, 1998. – 173 бет.
12. Панов М.П. Русская фонетика. Москва: “Просвещение”, 1967. – 32;35;100;102 бет.
13. Зиндер Л.Р. Общая фонетика. Москва: “Высшая школа”, 1979. – 128;157 бет.
14. Виноградов В.А. Консонантизм и вокализм русского языка (практическая фонология). Москва: “Московский Университет”, 20;21;38;40 бет.
15. Малов С.Е. Древние и новые тюркские языки // Известия Академии Наук ССР, том XI. “Отделение литературы и языка”, 1952, № 2 март-апрель. - 141бет.
16. Современный казахский язык. Алма-ата: “Академия наук Казахской ССР”, 1962. – 40;41;53;54;58;61;63 бет
17. Омарбеков С. Қазақ тілінің говорларында ч дыбысының қолданылуы жөнінде // Қазақ тіл білімі мәселелері, I-том. Алматы: “Ғылым академиясы”, 1959. – 103;110 бет.
18. Қалиев Ғ., Сарыбаев Ш. Қазақ диалектологиясы. Алматы: “Мектеп”, 1967. – 19;43;49 бет.

19. Сарыбаев Ш. Семей облысы Мақаншы ауданында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір жергілікті ерекшеліктер жөнінде // Қазақ тіл білімі мәселелері, I-том. Алматы: “Қазақ ССР Ғылым академиясы”, 1959. – 38 бет.
20. Нүсіпов М. Жетісу халқының ауыз тіліндегі қолданылып жүрген аффрикат ч, дж дыбыстары туралы // “Халық мұғалімі” , № 1-2. Алма-ата, 1940. – 100;105 бет.
21. Құрышжанов Ә. Нарынқол, Кеген аудандарында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір жергілікті ерекшеліктер жөнінде // Қазақ тіл білімі мәселелері, I-том. Алматы: “Қазақ ССР Ғылым академиясы”, 1959. – 45 бет.
22. Нақысбеков О. Қазақ тілінің оңтүстік говорлар тобы. Алматы: “Ғылым”, 1982. – 14;15;22;27 бет.
23. Омарбеков С. Қазақтың ауызекі тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. Алматы: “Ғылым”, 1965. – 34;47 бет.
24. Нурмагамбетов А. Казахский говор на территории Туркменской ССР. Алма-ата: “Академия Наук Казахской ССР. Институт языкознания”, 1965. – 4;5 бет.
25. Аралбаев Ж. О фонемном составе современного казахского литературного языка // Тюркское языкознание. Ташкент: “Материалы III Всесоюзной тюркологической конференции”, 1985. – 298;299 бет.
26. Нұрмағанбетов Ә. Қазақ тілі говорларының батыс тобы. Алматы: “Ғылым”, 1978. – 62;67;76;83;106;107 бет.
27. Шардарбекұлы А. П.М.Мелиоранский және қазақ тілінің фонетикасы. Алматы: Автореферат, 2003. - 16;17 бет.

28. Омарбеков С. Халықтық тіліміздегі тектес тілдермен ортақ құбылыстар. Алматы: “Ғылым”, 1978. – 34;47;83;85 бет.
29. Талипов Т. О звуке й и связанных с ним фонетических явлениях в тюркских языках // Фонетика казахского языка, I-том. Алма-ата: “Академия Наук Казахской ССР. Институт языкознания”, 1969. – 114;123 бет.
30. Қалиев Ғ. Қазақ говорларындағы диалектілік сөз тудыру. Алматы: “Мектеп”, 1985. – 26;27;57;77 бет.
31. Қазақ грамматикасы. Астана: “А. Байтұрсынов атындағы тіл білімі институты”, 2002. – 90 бет.
32. Қазақ тілінің сөздігі. Алматы: “Дайк-Пресс”, 1999. – 219;283;710;711 бет.
33. Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі, I-том. Алматы: “Ғылым”, 1996. – 169 бет.
34. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Алматы: «Арыс», 2005. – 219;283;714;722.
35. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Алматы: “Қазақстан”, 1988. – 117;149;368 бет.
36. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Алматы: “Дайк-Пресс”, 2001. – 132;170;422 бет.
37. Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі. Алматы: “Арыс”, 2004 - 246;314 бет.
38. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, III том, IV том, X том . Алматы: “Ғылым”, 1986. – III том 477;79-35; IV том 5;344 X том 67;73 бет.
39. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы: “Ғылым”, 1966. – 482 б.

